

Түркістан облысының білім басқармасының
«№11 санаториялық мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Өндірістік жоспар

2023-2024 оқу жылы

Келісемін:

Түркістан облысының білім
басқармасының басшысының
уақытша міндетін атқарушы
А.Садықова



2023 жылғы «31» тамыздағы
педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасымен бекітілді

**Түркістан облысының білім басқармасының
«№1 санаториялық мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылына
арналған оқу-тәрбие және өндірістік жылдық жоспары**

Қазығұрт 2023 жыл

А.Қыт
Шова

ТАҚЫРЫБЫ:

Білім алушылардың бойында базалық құндылықтарды қалыптастыру.

МЕКТЕПТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ:

Білім беру сапасын функционалдық сауаттылықты дамытуды қамтамасыз ету факторы ретінде басқару.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

- 1) балалардың білім алуы үшін жағдайлар жасау, зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, дене, шығармашылық дамуын қамтамасыз ету;
- 2) орта білім алуда білім алушылардың жайлы және қауіпсіздік өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету;
- 3) санаториялық мектеп-интернаты – белгіленген режимді сақтай отырып, жалпы орта білім алуды, қалпына келтіру емін, медициналық оңалту мен демалысты, туберкулезге қарсы емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету ;

МАЗМҰНЫ:

- I. Бөлім: 2022- 2023 оқу жылы қорытындыларының медициналық және педагогикалық талдауы.
Жаңа 2023- 2024 оқу жылының міндеттері: 4-20 беттер
- II. Бөлім Мектептің жұмыс циклограммасы
Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының орындалуы. 31-34 беттер
- III. Бөлім: Педагог кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау. 34-39 беттер
- IV. Бөлім: Тәрбие жұмысының жүйесін құруға бағытталған педұжымның қызметі. 40-61 беттер
- V. Бөлім: Білім беру мекемесін басқару. Ата – аналармен жұмыс. 62-65 беттер
- VI. Бөлім: Мектепшілік бақылау жүйесі.
1. Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау
 2. Оқу процесінің сапасын бақылау
 3. Білімдегі кемшіліктерді өтеу және оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау
 4. Педагог кадрлармен әдістемелік жұмысты жүргізуді бақылау
 5. Мектеп құжаттарының жүргізілуін тексеру
 6. Материалдық-техникалық базаның нығайтылуын бақылау
- 66-84 беттер

Жоспарға қосымша:

1. Мектептің оқу жоспары
2. Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселер:
3. Директор жанындағы кеңесте қаралатын мәселелер:
4. Әдістемелік кеңесіндегі мәселелер:
6. Психолог, әлеуметтік педагог, ҚББП, музыкалық, дене шынықтыру нұсқаушының, «Жас ұлан» ұйымы жоспарлары.
7. Кітапхананың жұмыс жоспары
8. Әдісбірлестіктері бойынша өтілетін апталықтардың өтілу кестесі.
9. Медицина қызметкерлерінің атқаратын жұмыс жоспары
10. Жалпы білім беруге бағытталған мектеп әрекетін ұйымдастыру

85-137
Беттер

I-бөлім

«№ 11 санаториялық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының медициналық және оқу –тәрбие жұмыстарының қорытындысы

ҚР ДСМ-30/11/2020 №-214 «Туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сай оқу жылының қыркүйек айында 312 оқушы (10 ауданнан) мектеп интернатқа, тиісті құжаттармен (жолдама, ауру тарихынан көшірме, зертханалық нәтижелері, р-манту, диаскин тест көрсеткіштері, кеуде рентгенограммасы т.б.) қабылданды.

Атап айтқанда : Шымкент қаласы-100

Түркістан қаласы-5

Сарыағаш ауданы-98

Мақтарал ауданы-2

Ордабасы ауданы-23

Созақ ауданы-1

Қазығұрт ауданы-76

Телеби ауданы-1

Келес ауданы-6

Мына төмендегідей диагноздармен: Туб. қатынас-100

ТМБЖАА-174

ВК аллергия-3

Туб инф.-35

Қыркүйек 2022-1 сыныптың 18 оқушысына р-манту сынамасы қойылып, 14 оқушыға рев. БЦЖ салынды.

Қазан айында 2022-1 сыныптың 17 оқушысына АДС (Бустрикс) , 16 КПК(қызылша, қызамыққа қарсы) салынды.

Қараша айында 2022- 4 оқушыға (әр сыныптан) диаскинтест сынамасы салынды- 3 оқушыда теріс нәтиже, 1 оқушыда атап айтқанда, Жүсіпбай Баян 6Б сынып оқушысына оң нәтиже беруіне байланысты 3 ай ХП-емі жүргізілді.

07.02.2023 Қазығұрт аудандық емханасының дәрігерлік бригадасының(эндокринолог, невропатолог, окулист, хирург, стоматолог, отоларинголог) қатысуымен 7-15 жас аралығында 295 оқушы жан-жақты профилактикалық терендетілген медициналық байқаудан өткізілді.

Көз аурулары-11

Неврологиялық аурулар-10

Эндокринологиялық аурулар-4

Хирургиялық аурулар-1

Құлақ, тамақ, мұрын аурулар-4

Тіс жегісі-15

Табылған аурумен оқушылар диспансерлік есепке алынып, сауықтырылды.

2023 оқу жылында-ақпан айының 06 жұлдызында 175 балаға р-манту сынамасы қойылды. Алғаш рет оң нәтиже берген 47 оқушыға диаскинтест сынамасы қойылып, 45 оқушының нәтижесі теріс, 2 оқушы оң болып ХП емін қабылдауда.

Жыл басынан 14 оқушыға ХП емі тағайындалған, оның 11 аяқталып, 3-еуі жалғастыруда (кері әсері болған жоқ)

Осы оқу жылы басында барлық оқушылар кеуде рентгенограммасына түсірілген (әр 6 айда түсірілуіне байланысты) қорытындысы-таза.

Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқу-әдістемелік құжаттардың бар болуы: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, типтік және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары, жұмыс оқу жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі: Мектептің жұмыс оқу жоспары 2022-2023 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы № 500 бұйрығы негізінде бекітілген білім стандартымен жүзеге асырылған, жұмыс оқу жоспарында стандарттан ауытқу жоқ. Оқу жоспары аудандық білім бөлімі тарапынан келісілген.

Мектеп-интернаты ұжымы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, білім беру мекемелерінде білім алушылар туралы ережелерге, мектеп Жарғысына, мектептің өндірістік жылдық жоспарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының бұйрықтарына, әдістемелік хаттары мен ұсыныстарына сәйкес жұмыс атқарады.

Мектеп-интернат оқу жылын «Оқушылардың денсаулығын сауықтандыруға баса көңіл бөлу, жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру тақырыбында жұмыс атқарады.

Пәндер бойынша білім беру қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022-2023 оқу жылында 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының негізінде жасалған үлгілік оқу бағдарламаларына сай жүзеге асырылды.

Оқу бағдарламаларының сапасына, оқушылардың оқу қызметі түрлері бойынша нұсқаулықтар мен әдістемелік әзірлемелерге, күнтізбелік, әр сабақ бойынша жоспарлар жасалынды.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлегенде білім беру мазмұнын іріктеу принципі орындалған.

Оқу жылының басында 312 оқушы қабылданып, жыл соңында 295 оқушы аяқтады. Оның ішінде 26 түлектерден 2 оқушы үздік аттестат иегері, 16 оқушы колледждерге 10 оқушы 10-11 сыныпты басқада ЖОМ жалғастырды.

Жалпы оқу озаттары 45 оқушы мектеп директоры мадақтамасымен марапатталды, 105 оқушылар екпінді болды, орташа балл 4. Оның ішінде бастауыш сыныптарда 22 үздік, негізгі орта мектепте 23 оқушы.

Жеке сыныптар бойынша білім сапасы 2-сыныптарда 49%, 3-сыныптарда 61, 4-сыныптарда 58%, 5-сыныптарда 68%, 6-сыныптарда 44%, 7-сыныптарда 48%, 8-сыныптарда 52%, 9-сыныптарда 58% құрады, мектептің білім сапасы 55% болды.

Білім ұясында 47 мұғалім жұмыс істеді оның ішінде 1-психолог, 1-тәлімгер, 2-нұсқаушы, 1-әлеуметтік педагог, 1-қосымша білім беру педагогы және 2-кітапханашы.

Педагог кадр сапасы 19 зерттеуші, 11 сарапшы, 8 модератор, 5 педагог оның ішінде бір қызметкер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасының иегері және тағы бір қызметкер Оқу-ағарту министрінің «Алғыс» хатымен марапатталды.

Облыстық «Өнерлі ұстаз-2022» байқауына ағылшын тілі пән мұғалімі Г.Сәрсенбаева қатысып номинация иегері атанды.

Сабақ жоспары барлық мұғалімдерде 100 пайыз орындалған;

Күнделікті сабақ жоспары күнтізбелік жоспарға сәйкес;

Сабақ жоспарларының жұмыс түрлері бір сарынды.

Оқу-тәрбиелік үдерістің нәтижелілігі жылдық салыстыру бойынша: Мектептің білім сапасы салыстырмалы түрде төмендегідей:

2020-2021 оқу жылында білім сапасы 37,7%, үлгерімі 100 %;

2021-2022 оқу жылында білім сапасы 48 %, үлгерімі 100 %;

2022-2023 оқу жылында білім сапасы 55%, үлгерімі 100 %.

Мектепте 10 әдісбірлестіктер жұмыс жасады.

1.Қоғамдық ізгілікті пәндер апталығы

«№11 санаториялық мектеп-интернаты» КММ 2022 жылдың 19.09-29.09 жұлдызы аралығында өтілген «қоғамдық ізгілікті пәндер» апталығының іс-шараларының жоспары.

Тақырыбы: «Тіл тағдыры-ел тағдыры»

Мақсаты: А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай шығармаларын, тіл туралы еңбектерін терең оқып білуге баулу. Тіл-ұлттық құндылық ретінде түсіндіру, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

Қ/с	Орындалатын іс-шаралар	Мерзімі	Сынып	Әдісі	Жауапты
1	Апталық жоспармен танысу	19.09	5-9	Таныстыру	Л.Абдиева Пән мұғалімдері
2	Іс-шараға лайықты безендіру	20.09	8-9	Безендіру	Пән мұғалімдері
3	«Тілге-құрмет, елге-құрмет»	21.09	5-9	Таңертеңгілік поэзия минуты	Пән мұғалімдері
4	Тіл туралы ребус, сөзжұмбақтар құрастыру, шешу	22.09	5-9	Оқушылар шығармашылығы	Пән мұғалімдері
5	Көркем жазу. Үздік дәптерлер көрмесі	22.09	5-9	Керме	Пән мұғалімдері
6	А.Байтұрсынұлы ұсынған төте жазу. Латын графикасына негізделген қазақ жазуы	23.09	8-9	Дөңгелек үстел	Л.Абдиева Л.Умербаева
7	А.Байтұрсынұлының шығармаларымен терең танысу	26.09	7а,б	Сайыс сабақ	П.Баубекова С.Әбуова
8	Кім жылдам?	28.09	5а,б	Сайыс сабақ	Б.Ағабеков
9	Орыс графикасына негізделген қазақ жазуы	27.09	8	Ашық сабақ	Л.Абдиева
10	«Қазақ-жоңғар» шайқастары 29.09	29.09	7а	Ашық сабақ	Б.Тлеуова
11	Ұлттық құндылықтар-ел қазынасы	23.09	6а	Ашық сабақ	Л.Умербаева
12	Көшпелілердің жазуы	30.09	7б	Ашық сабақ	П.Баубекова
13	Киім. Сән. Талғам	23.09	5а	Ашық сабақ	С.Әбуова

2.Орыс тілі мен ағылшын тілі пәндер апталығы

План недели методического объединения русского и английского языков
(10.10-21.10.2022)

Тема недели «Моя Родина-Казахстан»

Цель проведения недели:

- расширить знания учащихся о языках, формировать культуру речевого общения, способствовать повышению грамотности учащихся;
- развивать познавательный интерес, потребность в расширении кругозора и углублении знаний по русскому, английскому языкам;
- воспитывать гордость за свою Родину, за свой родной язык, потребность его сохранять.

Эпиграф:

«Родина у нас одна
 Она родная мать,
 её нельзя купить, её нельзя продать.
 В ней жить и умирать
 И снова воскресать.
 О, если б это все могли понять...»

М. Макатаев.

№	Мероприятия Недели	Участники	Дата	Ответственные
1.	Открытие Недели русского и английского языков	5-9 классы	10.10.22	Члены м/о
2.	Lf 2. Was/were, these was/were	5 «б» (4ур)	10.10.22	Сарсенбаева Г
3.	Lf 2. Was/were, these was/were	5 «а» (5 ур)	10.10.22	Исаматова А
4.	Конкурс рисунков «Казахстан глазами наших детей»	5-9 классы	11.10.22	Члены м/о
5.	Открытый урок «Сирота»	8 «а» (2 ур)	11.10.22	Кемелова А
6.	День поэзии «Мой Казахстан! Живи и процветай!»	5-9 классы	12.10.22	Члены м/о
7.	Папа,мама,я-вместе дружная семья	5 «а» (2ур)	12.10.22	Суюндикова Г
8.	Открытый урок «Day and night»	3 «а» (3 ур)	12.10.22	Досыбекова Г.
9.	Выставка «Дары осени»	5-9 классы	13.10.22	Члены м/о
10.	Present Simple	5 «а» (3 ур)	14.10.22	Мырахметова Г
11.	Present Simple	5 «б» (5 ур)	14.10.22	Бүркітбаева Д
12.	Занимательная грамматика (ребусы, кроссворды)	5-9 классы	14.10.22	Члены м/о
13.	Эссе «Мой Казахстан»	7-9 классы	15.10.22	Суюндикова Г Члены м/о
14.	Старших надо уважать, малышей не обижать	3 «а» (3 ур)	17.10.22	Муханова А
15.	Конкурс «Граммотей»	2-4 классы	17.10.22	Муханова А
16.	Интеллектуальная игра « Наш Казахстан. Символы государства».	7А класс (15:00)	18.10.22	Дауылбаева Б.
17.	Polyglot	5 «а-б» (15:00)	19.10.22	Сарсенбаева Г Исаматова А
18.	«Осенняя ярмарка»		20.10.22	Члены м/о
19.	Заключительный концерт .Подведение итогов недели.		21.10.22	Члены м/о

3. Кітапхана апталығы

14 – 24 жұлдызды аралығында өтетін кітапхана апталығының іс – шараларының жоспары

Тақырыбы: Мәңгілік елге кітаппен бірге

Мақсаты: Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Зейінін шоғырландыру, шығармашылық қабілетін, ой – өрісін дамыту. Оқулықты құрметтей білуге, ұқыштылыққа адамгершілікке тәрбиелеу.

№	Өткізілетін іс – шараның атауы	Мерзімі	Жауапты
1	Апталықтың ашылуы іс – шараларды ұйымдастыру безендіру, көрме. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясын ұйымдастыру.	14.11.2022	Кітапханашылар
2	А. Байтұрсынұлы 150 жыл	15.11.2022	Кітапханашылар

	Ұлттың ұлы ұстазы А Байтұрсынұлы		Ы. Өзімбек
3	Баланың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін қалай арттыруға болады? Психологиялық кеңес	16.11.2022	Психолог А.Сейдалиев Кітапханашылар
4	Жаңа кітаптар әлемі көрме Қ. Өмірәлиев атындағы аудандық орталық кітапханасы қонақта	17.11.2022	Кітапханашылар
5	«Абай – дана Абай- дара қазақта»	18.11.2022	Кітапханашылар П. Баубекова
6	Кітап қалай пайда болды 3 – 4 сыныптарға баяндама оқу	19.11.2022	Кітапханашы Ж. Қадырова
7	Кітапхана әлеміне саяхат	21.11.2022	Кітапханашылар
8	Қонақ жайлыққа негізделген қазақ ұлттық тағамдары	22.11.2022	Кітапханашылар
9	Ғабиден Мустафиннің туғанына 120 жыл.Еске алу кеші.Көрме	23.11.2022	Кітапханашылар
10	Оқулықтардың сақталу барысын тексеру.Рейд жүргізу.	24.11.2022	Кітапханашылар
11	Апталық қорытындылау.Белсене қатысқан оқушыларды марапаттау.	25.11.2022	Кітапханашылар.

4.Негізгі пәндер апталығы

28.11-10.12 аралығында өтілетін негізгі пәндер апталығының іс-шараларының жоспары

Тақырыбы: "Әлем математика тілімен бейнеленген "

Мақсаты: Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес оқытудың сапасын,пәндерге деген қызығушылығын арттыру. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.Оқушыларды тапқырлыққа,есепқұмарлыққа,ізденімпаздыққа баулу.Жастарды әдептілікке инабаттылыққа тәрбиелеу.

Рет/сан	Өткізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты мұғалімдер
1	Апталықтың жоспарларымен таныстыру	28.11.2022	5-9сынып	Бірлестік жетекшісі
2	Іс-шараларды ұйымдастыру,безендіру	28.11.2022	5-9сынып	Пән мұғалімдері
3	Көрме ұйымдастыру	28.11-10.12 2022	5-9 сынып	Пән мұғалімдері
4	Олимпиада өткізу	28.11-10.12 2022	5-9 сынып	Пән мұғалімдері
5	«Сандар сөйлейді»	01.12.2022	6- сынып	Тайлибаева. А
6	«Бұйымды көркемдеп безендіру »	01.12.2022	6-сынып	Ахметов.Б
7	«Қызықты физика »	02.12.2022	9-сынып	Арымбаева .С
8	«Математика –ғылымдар патшасы »	07.12.2022	8-сынып	Өрісбаев. О
9	«Кім жүйрік»	08.12.2022	7- сынып	Аюбек .Г
10	«Сәндік бұйым жасау»	09.12.2022	7- сынып	Туляева .Г
Ашық сабақтар				

1	«Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану»	30.11.2022	6«а» сынып	Тайлибаева А
2	«Квадрат үшмүше»	02.12.2028	7«а» сынып	Өрісбаев О
3	«Деформация.Серпінділік күш.»	05.12.2022	7«а» сынып	Арымбаева С
4	«Үбұрыштар теңсіздігінің үшінші белгісі »	06.12.2022	7«б» сынып	Аюбек Г
5	Апталық қорытынды	10.12.2022	5-9 сынып	Пән мұғалімдері

5.Бастауыш сыныптар апталығы

12-24 жұлдызы аралығында өтетін

«Бастауыш сыныптар» апталығының іс-шарасының жоспары.

Тақырыбы: «Дарынды ұстаз алысқа биік самғаған, талантты шәкірт ұстаздың жолын жалғаған.»

Міндеттері: Бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие үдерісінде жаңа технология элементтерін қолдану арқылы оқушылардың ой-өрісін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін шыңдау арқылы оқуға деген қызығушылықтарын және саяси сауаттылықтарын арттыру.

№	Өткізілетін іс-шара атауы	Сын ып	мерзімі	Жауапты мұғалімдер
1	Апталықтың жоспарымен таныстыру	1-4	12.12.22	А.Кипшакбаева
2	Бастауыш сынып апталығының ашылуы Іс-шараларды ұйымдастыру, бұрышты безендіру .	1-4	12.12.22	Бастауыш сынып мұғалімдері
3	Сынақхат. Оқушылардың сауаттылығын тексеру.	2-4	13.12.22	Бастауыш сынып мұғалімдері
4	Ғажайып күнделік «Әдемі жазу-өнері» Үлгілі ,көркем жазылған дәптерлер байқауы	1-4	14.12.22	Бастауыш сынып мұғалімдері
5	«Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» Желтоқсан құрбандарын еске алу Патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу	1-4	15.12.22	Бастауыш сынып мұғалімдері
6	«Бояулар сыр шертеді» Қысқы табиғат көрінісі.	1-4	20.12.22	Бастауыш сынып мұғалімдері
7	Ашық сабақтар 1.«Әлемнің кереметтері» 2. «Лепті сөйлем» 3. «Мақтанышым-Астанам» 4. «Үш-үштен заттар комбинациясы» 5.«Кім жүйрік» 6.«Қош бол, әліппем!»	3 «а» 2 «а» 3 «б» 2 «б» 4 «б» 1 «а»	13.12.22 14.12.22 20.12.22 21.12.22 23.12.22 24.12.22	Тасболатова Роза Тюляева Жанна Айдарова Ақмарал Абылкаликова Айнұр Салқынбекова Мадина Байнұрсынова Мария
8	«Ойлан тап» Логикалық сұрақтар	2-4	24.12.22	Бастауыш сынып мұғалімдері
9	Апталықтың қорытындысы 1. «1001 мақал сайысы» 2. «Мен ертегі айта аламын» Апталыққа белсене қатысқан оқушыларды марапаттау.	1-4 3-4 1-2 1-4	24.12.22	Бастауыш сынып мұғалімдері

6.Тәрбиешілер апталығы

23.01-04.02.2023 жылы аралығында тәрбиешілер бірлестігінің апталық жұмыс жоспары.

Тақырыбы: «Тәрбие – тал бесіктен басталады!»

Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды. (Б.Момышұлы)

Мақсаты: «Тәрбие – тал бесік» деп қазақ бекер айтпаған. Ең бірінші білімнен алдын тәртіп керек, яғни білім алу үшін тәрбиелі, инабатты, ұлтшыл, парасатты болу қажет.Қазіргі таңда болашақ ел жастарымыздың тәрбиесі ақыл парасаты құлдырау үстінде.Адамзатқа ең алдымен тәрбие кейін білім. «Білімсіз тау тасты қопара алмайсың, тәрбиесіз өз ортаңа сыйа алмайсың».Бала тәрбиесінің маңыздылығын үнемі үйреніп,ізденіп, жаңашыл, креативті болуы педагогтарымыздың басты міндеті. Өз шеберліктерінің арқасында болашақ ұрпағымызға салт-дәстүрді сыйлау, үлкенге құрметпен кішіге ізетпен қарау, еңбексүйгіш, патриот болуларына ықпал жасау.

к/с	Орындалатын іс-шаралар	уақыты	мерзімі	Өтілетін орны	Жауаптылар
1	Адамгершілік – басты адами қасиет. (стенд)	9:00 15:00	23.01.23 24.01.23		Наушабекова Л, Байболова С Акимбекова Л, Билібаева Н
2	Білім және тәрбие егіз ұғым. (стенд)	9:00	25.01.23 26.01.23		Жабаева М, Мақсұтова А Шынжигитова А
3	Дос және достық. (Ашық сабақ)	15:00	26.01.23	Сынып	Байтүреева З 2 «а» сыныбы
4	Кітап- білім бұлағы. (Ашық сабақ)	17:00	26.01.23	Кітапхана	Пазылова Т 4 «б» сыныбы Қадірова Ж
5	Салауатты өмір еліміздің болашағы (стенд)	9:00	27.01.23 28.01.23		Алибаева А, Бердикулова Ш Сыздықова Ж, Абдихасимова К
6	Жасөспірім және зиянды заттар зардабы. (ашық сабақ)	15:00	27.01.23	Сынып	Сулейменова А «7»а сыныбы Медбикелер
7	Толағай (ашық сабақ)	12:00	28.01.23	Спорт зал	Ергешова П 7 «б» сыныбы Ден шынық мұғалімі
8	«Табиғат ғажап әлем» Экологиялық вернисаж	9:00	30.01.23 31.01.23		Арипова Г, Оразова Г Балғынбаева А, Арипов С
9	Ғажайып жыл мезгілдері (ашық сабақ)	15:00	31.01.23	Сынып	Курбанова Г 4 «а» сыныбы
10	Патриот ұрпақ- мәңгілік елдің жетістігі (стенд)	9:00	01.02.23		Раймова Н, Урматова Б Байзақов А, Сартпаев И
11	Құқықтық сауаттылық заман талабы (дөңгелек үстел)	15:00	02.02.23	Сынып	Сапиева Ж 9 «а» сыныбы Сейдалиев А психолог
12	Ұмыт болған ұлттық тағамдар. (жәрменке)	15:00	03.02.23		Бұралқиева А, Қасымбекова А Жаппакулова Г, Усенов Н тәрбиешілер

	сақталуын бақылап қадағалау			
2	Оқушылардың жеке бас гигиеналық тазалығын тексеру	25.04.2023	1-9 сынып	Г.Әміреқұлова С.Ташимбетова Мед.қызмет-р
3	Спорт-денсаулық кепілі «Толағай» бағдарламасы	26.04.2023	7-8-9 сынып	А.Молдағалиева Г.Назарқұл К.Пірназарова
4	Конго-қырым қанды қызбасының алдын алу шаралары және оқушыларға диктант жаздыру	27.04.2023		С.Ташимбетова Ж.Айдарова
5	Туберкулездің алдын алу	28.04.2023	6-9 сынып	А.Молдағалиева Г.Әміреқұлова М.Керимова
6	Апталықтың қорытындысы	29.04.2023		Г.Әміреқұлова А.Молдағалиева

**Наурыз-сәуір аралығында өткізілген
МЕКТЕПШІЛІК ОЛИМПИАДА кестесі.**

Қ/с	Пәннің атауы	Сынып	Мерзімі	Уақыты	Орны	Жауапты
1.	Қазақ тілі	5-бсын	17.03.23	15:00	303каб	С.Әбуова
2.	Қазақ тілі	7-сын	18.03.23	15:00	207каб	Л.Өмірбаева
3.	Қазақ тілі	8-сын	20.03.23	15:00	303каб	Л.Абдиева
4.	Қазақ тілі	9-сын	21.03.23	16:00	209каб	Л.Абдиева
5.	Орыс тілі	5-бсын	15.03.23	15:00	201каб	А.Кемелова
6.	Орыс тілі	7-сын	15.03.23	15:00	207каб	А.Муханова
7.	Орыс тілі	8-сын	16.03.23	15:00	301каб	Г.Сүюндікова
8.	Орыс тілі	9-сын	16.03.23	16:00	301каб	Б.Дауылбаева
9.	Шет тілі	6-7сын	14.03.23	15:00	205каб	Г.Мырахметова
10.	Шет тілі	8-9сын	14.03.23	15:00	205каб	Г.Сарсенбаева
11.	Математика	5-сын	10.04.23	15:00	305каб	С.Арымбаева
12.	Математика	6-сын	11.04.23	15:00	210каб	А.Тайлыбаева
13.	Математика	7-сын	11.04.23	15:00	205каб	Г.Аюбек
	2 тур	7-сын	11.04.23	16:00	205каб	А.Тайлыбаева
14.	Математика	8-сын	13.04.23	15:00	301каб	О.Өрісбаев
	2тур	8-сын	13.04.23	16:00	301каб	О.Өрісбаев
15.	Математика	9-сын	15.04.23	15:00	301каб	А.Тайлыбаева
	2 тур	9-сын	15.04.23	16:00	301каб	А.Тайлыбаева
16.	Физика	7-8-9сы	18.04.23	12:00	305каб	С.Арымбаева
	2 тур	7-8-9сы	18.04.23	13:20	305каб	С.Арымбаева
17.	Химия	7-8-9сы	19.04.23	12:20	111каб	А.Джангутова
	2 тур	7-8-9сы	19.04.23	13:20	111каб	А.Джангутова
18.	Тарих	7-8-9сы	11.03.23	15:20	209каб	Б.Тлеуова
	2 тур	7-8-9сы	11.03.23	16:20	111каб	Б.Тлеуова
19.	География	5-6-7сы	10.03.23	15:00	302каб	Р.Досыбаева

	2 тур	5-6-7сы	10.03.23	16:00	302каб	Р.Досыбаева
20	География	8-9сын	11.03.23	15:00	302каб	Р.Досыбаева
21	2 тур	8-9сын	11.03.23	16:00	302каб	Р.Досыбаева
22	Биология	6-7сын	26.04.23	13:20	309каб	А.Жарқынбаева
	2тур	6-7сын	26.04.23	15:20	309каб	А.Жарқынбаева
23	Биология	8-9 сын	26.04.23	17:00	309каб	А.Жарқынбаева
	2тур	8-9 сын	26.04.23	18:00	309каб	А.Жарқынбаева

Олимпиада қорытындысы: 9 сыныптар арасында биология пәнінен 1-орын Абдрахбан А. 2-орын Рахматулла О. 3-орын Махмуд Ж иеленді. 8 сыныптарда 1-орынды Байымбетов М. 2-орын Құдайберген С. 3-орын Әбдірахим Ә. 7 сыныптарда 1-орын Бақтыбай М. 2-орын Құдайберген А. 3-орын Дилмұратова А. иеленді.

Тарих пәнінен 9 сыныптарда 1-орын Оразбекова Ж. 2-орын Рахматулла О, 3-орын Тасболта Б иеленді. 8сыныптар арасында 1-орын Оразбекова Ж. 2-орын Рахматулла О. 3-орынды Юсупова І және Тасболта Б. иеленді. 8-сыныптарда Байымбетов М. және Амангелді Б. 2-орынды Абдурахманов Э. 3-орын Әлішерұлы Д. иеленді. 7 сыныптарда 7 сыныптар 1-орын Бақтыбай М. 2-орынды Құдайбергенова А. 3-орын Дилмұратова А.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 9 сыныптарда 1-орын Юсупова І, 2-орын Абдрахбан А, 3-орын Махмуд Ж. иеленді.

Математика пәнінен 6 сыныптарда 1-орын Өнербай Р. 2-орын, Каскаев Н. 3-орын, Рысқұлова А. иеленді т.с.с.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 8 сыныптарда 1-орын Әлішерұлы Д. 2-орын Әбубәкір А. 3-орынды Алпысбай Б. иеленді. 7 сыныптарда 1-орын Бақтыбай М. және Оразбек Н. 2-орын Садық А. 3-орын Дилмұратова А. иеленді. 6 сыныптарда 1-орын Рысқұлова А. 2-орын Каскаев Н. 3-орынды Айтжан А. иеленді.

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысына талдау

«№11 санаториялық мектеп-интернаты» КММ-де 2022-2023 оқу жылына бекітілген 33.5 бірліктегі кестесіне сәйкес, 34 педагог тәрбиеші жұмыскер жұмыс жасады. Оның ішінде бір тәрбиеші 0,5 бірлікте істейді. Педагог кадрлық сапалық құрамы біліктілік санаттары бойынша; педагог-зерттеуші 17 тәрбиеші, -50%. педагог-сарапшы-7 тәрбиеші, 20,5%, педагог модератор-5 тәрбиеші 14,7%, санатсыз -5 тәрбиеші 14,7%, жалпы пайызбен айтқанда басым бөлігі 50% педагог зерттеушіні құрайды. Біліктілікті арттыру курсы бойынша 2020-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспар бойынша орындалып келеді, дәл кәзіргі таңда 3-тәрбиеші біліктілік арттыру курсына, негізінде алдағы уақытта 1-ғана тәрбиеші Сартбаев И. өтуі қажет. Жас ұрпақ бойын ұлттың ұлағатты қасиеттерін сіңіріп, дені сау рухани адамгершілігі бай, мәдениетті тұлға болып қалыптастыру біздің міндетіміз.

Шығыстың аристотелі атанған ұлы бабамыз Әл - Фараби "Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы" деп көрсеткен. Бала тәрбиелеу өте қиын, жауапкершілікті үрдіс екені белгілі. Барлық ұстаз білім мен тәрбиені қатар алып жүруі керек. Орыс ойшылы К.Д.Ушинский "Бала - балқытылған алтын" сондықтан "Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың" деген халық сөзінде. Мектептегі тәрбиеші – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді. Мұғалім – болашақ ұрпақтың бағбаны, келешектің кемелдендірушісі, баланың бойына біліммен бірге тәрбие сіңіруші, жанына жарық сәуле сеуіп, көкірегін нұрландырушы.

Тәрбиешілер бірлестігінің негізгі мақсаты оқушыларға, жасөспірімге білім ғана емес, рухани адамгершілігі қасиетін, отаншылдық қасиетін дамытып, жас ұрпақты мейірімді, иманды, ішкі жан дүниесі бай тұлға ретінде тәрбиелеу. Осы міндеттерімізді орындауда бірлестікте жоғары білімді 36 тәрбиеші қызмет атқарып келеді. Бала бойына жарасымдыталғаммен таңдау қасиетін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, жыл көлемінде тәрбиешілер тәрбиенің сегіз бағыты бойынша ашық тәрбие сағаттары үлгі тәрбие сағаттарын іс-шаралар өткізіп отырды. Бірлестік отырысында тәрбиешілердің баяндамалары тыңдалып, талқыланып отырды. Бірлестіктің бірінші отырысында жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп жұмыс жоспарымен іс-қағаздарды қалай жүргізу керектігі үйретілді. Екінші отырыста тәрбиеші Акимбекова Лаура «Жастай берген тәрбие, жас шыбықты игендей» атты баяндама оқыды.

I – жарты жылдықта кестеге сәйкес ашық тәрбие сағаттар өткізіліп отырды. Білім күні әр сыныпта « Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында іс-шаралар жүргізілді. Оқу жылының алғашқы тәрбиелік іс-шарасын 6 «а» сыныбына Оразова Гульчехра «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты ашық тәрбие сабағымен бастады. Сабақ өз дәрежесінде керемет өтілді.

Ұлағатты ұстаздар мерекесіне арнап 9 «А» сынып тәрбиешісі Раймова Нұржамал және 7 «А» сынып тәрбиешісі Сулейменова Алия «Ұстаз – ұлы тұлға» атты мерекелік іс-шара өткізді. Осы мерекеге орай З.Байтүреева «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік», А. Алибаева «Ұстаз ұлағаты мәңгілік» атты ашық тәрбие сағаттары жоғары деңгейде өткізді.

3 «б» сынып тәрбиешісі Н.Билібаева Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Кел, балалар оқылық» атты ашық тәрбие сағатын өтті.

20.10.2022 ж 4 «а» сынып тәрбиешісі Л.Акимбекова «М. Әуезовтің туылғанына 125 жыл» атты тақырыпта орталық кітапханаға саяхат сабағын өтті. М.Әуезов туралы көптеген мағлұматтар алып, кітаптарымен танысты. Кітапхана ұжымы оқушыларға М.Әуезовтың кітаптарын сыйға тартты.

21.10.2022ж 7 «б» сынып тәрбиешісі П.Ергешова және 6 «б» сынып тәрбиешісі Л.Баратовалар Республика күні қарсаңында «Тәуелсіздік тұғырым» атты ашық тәрбие сағатын жоғары дәрежеде өтті. 5 «б» сынып тәрбиешісі А.Балгинбаева «Қазақстан мәңгілік жасасын» атты ашық тәрбие сағатын өтті.

27.10.2022 ж 2 «б» сынып тәрбиешісі А.Шынжигитова «Күз – береке, күз-мереке» атты ашық тәрбие сағатын жоғары дәрежеде өтті. Тақырып жасына сай алынған, үлгерімі төмен, тәртібі қиын балалармен керемет жұмыс жасалған.

3 «б» сынып тәрбиешісі Г.Арипова «Шынықсаң шымыр боларсың » атты ашық тәрбие сағатын өтті. Оқушыларды спортқа, салауатты өмір салтына баулу мақсатында керемет сабақ өтті.

Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту мақсатында 3 «а» сынып тәрбиешісі А.Жамалова «Табиғатты тамашалайық» атты ашық тәрбие сағатын өтті. Оқушыларға жылдың төрт мезгілі жайлы кеңінен түсінік берді.

5 «а» сынып тәрбиешісі Г.Жаппаркулова «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» атты ашық тәрбие сағатын өтті. Оқушыларға көшеде жүру тәртібі жайлы біраз мағлұматтар берілді.

6 «а» сынып тәрбиешісі Ы.Әзімбек Ахмет Байтұрсыновтың 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты ашық тәрбие сағаты өз дәрежесінде өтілді.

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы- теңге. Ол 1993 жылғы 15 қараша Ұлттық валюта күніне байланысты тәрбиеші 4 «а» сынып тәрбиешісі Г.Курбанова

26.01.2023 ж 4 «б» сынып тәрбиешісі Т.Пазылова «Кітап- білім бұлағы» атты тақырыпта мектебіміздің кітапханасында ашық тәрбие сабағын өтті. Кітап туралы көптеген мағлұматтар алып, кітаптарымен жақынрақ танысты. Кітапханашы Ж.Қадірова оқушыларға кітаптің күтімі туралы көп мағлұматтар берді. 27.01.2023ж мектеп-интернатымыздың тәрбиешілері Ш.Бердикулова, А.Алибаева, Ж.Сыздықова және К.Абдихасимовалар «Салауатты өмір еліміздің болашағы» атты тақырыпта керемет стенд жасады. 27.01.2023 ж 7 «а» сынып тәрбиешісі А.Сүлейменова «Зиянды заттар зардабы» атты ашық тәрбие сағатын жоғары дәрежеде өтті. Тақырып жасына сай алынған, үлгерімі төмен, тәртібі қиын балалармен керемет жұмыс жасалған. «№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 7 «б» сынып тәрбиешісі П.Ергешова тәрбиешілердің қатысуымен «Толағай» атты ашық тәрбие сағатын өтті. Оқушыларды ғана емес ұстаздарды да спортқа, салауатты өмір салтына баулу мақсатында керемет сабақ өтті. 30.01-31.01.23ж Г.Арипова, Г.Оразова, А.Балғынбаева және С.Ариповтардың ұйымдастыруымен «Табиғат ғажап әлем» атты экологиялық стенд жасалынды. Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту мақсатында 4 «а» сынып тәрбиешісі Г.Курбанова «Ғажайып жыл мезгілдері» атты ашық тәрбие сағатын өтті. Оқушыларға жылдың төрт мезгілі жайлы кеңінен түсінік берді. 01.02.23 ж «Патриот ұрпақ мәңгілік елдің жетістігі» атты тақырыпта Н.Раймова, Б.Урматова, А.Байзақов, И.Сартпаевтар стенд іліп керемет дүниелерді таныстырды. 9 «а» сынып тәрбиешісі Ж.Сапиева «Құқықтық тәрбие заман талабы» атты дөңгелек үстел өткізді.

Тәрбиешілер апталығына арнайы «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» атты тақырыпта жәрменке ұйымдастырылды.

Жәрменкеге барлық тәрбиешілер ат салысып ұмыт болған тағамдарды дайындап келіп кереме жәрменке өткізілді. 04.02.23ж Ж.Мырзагельдиев, Ы.Әзімбек және Л.Баратовалардың ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елдің өнерлі өрендері» атты қорытынды концерт өтті. Апталық қорытындымыз өте жоғары дәрежеде өтті. Бұл қорытындының ерекшелігі ән айтуда, би билеуде, көрініс көрсетуде. Тәрбиешілер оқушылармен бірлесе өз өнерін ортаға салды. Тәрбиеші деген актер болу керек демекші, біздің тәрбиешілер әрі актер, әрі әнші, әрі биші. Апталық өте жоғары деңгейде өтті. Оқушыларымыздың салауатты өмір салты жайлы білімдерін тереңдету, адам денсаулығының қымбаттылығын, жат қылықтардан сақтай отырып, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіру үшін «Бірінші байлық денсаулық» атты ашық тәрбие сағатын К.Абдихасимова жоғары деңгейде өтті. 6 «б» сынып тәрбиешісі А. Бұралқиева М.Мақатаевқа арнап «Үш бақытым» атты ашық тәрбие сағатын өтті. А.Балғынбаева «Төсінен ұшқан түлектің, арманы биік болған жер» атты ашық сабақ өтті. Алғыс күніне орай өтілген «Алғыс бұл...» атты іс-шараны Наушабекова Лаззат таңертең барлық ұстаздарға арнап 8 «а» сынып оқушыларымен керемет іс-шара өткізді. Оқушылар ұстаздарға деген алғыстарын білдіріп сый сыйапат тапсырды 8-наурыз халықаралық аналар мерекесіне арнап мектеп-интернатымыздың тәрбиешілері Шынжигитова А «Айналайын анашым», Жабаева М «Аяулым менің анашым» атты ашық тәрбие сағаттарын жоғары дәрежеде өтті. 22- наурыз мерекесіне арнап 9а, 8а, 8б-сынып тәрбиешілері мектеп ауласында кең көлемде жоғары дәрежеде ұйымдастырды. (Раймова Н, Сапиева Ж, Урматова Б) «Наурыз-көктем мен жаңару мерекесі» атты ашық тәрбие сағатын Г.Арипова, «Наурыз – бейбітшілік пен мейірімділік мерекесі» Г.Оразова, «Қош келдің Әз-Наурыз» Ш. Бердикулова апайларымыз кесте бойынша ашық тәрбие сағаттарын өтті. 5 «а» сынып тәрбиешісі Г.Жаппаркулова «Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар» атты ашық тәрбие сағатын жоғары деңгейде өтті.

15- сәуір «Ғарышкерлер күні» қарсаңына 8 «а» сынып тәрбиешісі С.Байболова «Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» атты ашық тәрбие сағатын жоғары деңгейде өтті.

Еліміздің жарқын болашағы білімінің негізінде жүзеге асады. Бүгінгі таңда балаларға жан-жақты білім беруден мағызды іс жоқ деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені заманның талабы да, қоғамның қажеттілігі де осы. Білім–әрбір азаматтың әлеуметтік хал-ахуалының жақсаруының, мемлекетіміздің жан-жақты дамуының кепілі. Қай заманда, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы – мұғалім.

Балалардың игілігі үшін

Елімізде балалардың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес-топтардың, БАҚ-тың күш-жігерін біріктіру. Орталық және жергілікті деңгейлерде баланың құқықтары мен мүделерін мемлекеттік саясаттың алдыңғы қатарына шығару, әр баланың құқықтарын насихаттау және қорғау, балалардың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу, балаларға құрметпен және қамқорлықпен қарау мақсатында 1 маусым –Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «Балалардың игілігі үшін» 10 блоктан тұратын іс-шаралар атқарылды.

1-ші блок «Балалық шақты қорғау қоғамы»

Мақсаты: Баланың отбасында өмір сүру құқығын іске асыру, отбасы институтын нығайту, отбасылық құндылықтарды сақтау және дамыту тәсілі ретінде отбасы мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру мақсаттарында 9а-сынып тәрбиешісі, педагог-зерттеуші Жанат Сапиева «Балалық шақты қорғау» тәлімгерлік тәрбие сағаты, 26-сынып тәрбиешісі Ақсәуле Шынжигитова «Досыңның алақаны» тақырыбында, 5а-сынып тәрбиешісі Гулжан Жаппаркулова «Балалық шақ досым», 7а-сынып тәрбиешісі Перизат Ергешова «Ризашылық», 4а-сынып тәрбиешісі, педагог-зерттеуші Гүлнұр Қурбанова «Жүректен жүрекке», 6а-сынып тәрбиешісі Ынтымақ Әзімбек «Балаларға жылулық сыйла» тақырыптарында тәрбиелік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізіп, бейнероликтер жасалып, әлеуметтік желіге салынды. Балалардың игілігі үшін қол ұштарын беріп, қуаныштарына көңіл сыйлап, балалардың бір-біріне деген ыңтымағын арттырып, мейрімділікке құштарлығын арттырған, әсіресе 4а-сынып тәрбиешісі Гүлнұр Қурбановаға ата-аналар қауымы ризашылығын жаудырса, оқушылары дән риза болды. Асхана менгерушісі О.Турдалиевтің ұйымдастыруымен 1-9 сынып оқушыларына түгел тегіс балмұздақ пен тәттілерді тарту еттіп оқушыларға қуаныш көңіл сыйлады.

2-ші блок «Балалар бастауы»

Мақсатында: Балалардың қоғам өміріне қатысу, құқығын іске асыру, қазақстандық қоғамның өмірін жақсартуға бағытталған идеяларды таныстыру бірлігін қалыптастыру болды.

Іс-шарада Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өкілдермен кездесу ұйымдастыру және өткізу болды. Балалардың мүделерін қозғайтын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар отырыстарының жұмысына балалардың қатысуын қамтамасыз ету. «Туған елге тағзым!» туған өлкенің тарихын зерделеу, «Алтын ұя» өзінің білім алған мектебін мақтаныш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу мақсатында іс-шаралар жүргізілді. 8а,б-сынып оқушыларын Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімінің, жасөспірімдер инспекторлары мен кездесу өткізіп, (О.Салибеков, А.Сейдалиев, А.Қалдыбаева) оқушыларға құқық бұзған жағдайда, баптармен және абақтылардың жағдайымен таныстырылды «Туған елге тағзым», «Алтын ұя» мектебі айдарымен бірнеше жыл бұрын бітіріп кеткен үздік оқушы Мейрамбек Молдаханов бастаған бір топ түлектер келіп, тәрбиешісі Ж.Сыздықованың зейнеткерлікке шығу «Дара жол» іс-шарасына қатысып, мектебін мақтаныш етіп, ұстазға деген жауапкершілік сезімдерін білдіріп «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға» деп - Абай Құнанбайұлы айтқандай «Алтын ұя» мектебін, ұстаздарын еске алды.

3-ші блок «Отбасында өмір сүру бақыты»

Мақсаты: Баланың отбасында өмір сүру құқығын іске асыру, отбасы институтын нығайту, отбасылық құндылықтарды сақтау және дамыту тәсілі ретінде отбасы мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру. Мектептің әлеуметтік педагогы Шархия Ташқараева «Балалар –бақыт, көп балалар-көп бақыт» бақытты көп балалы отбасылар туралы бейнероликтер дайындап желі парақшаларына қойды.

4-ші блок «Болашаққа бастар жол

Мақсаты: Оқушыларды мамандықты негізді, саналы және өз бетінше таңдауға дайындау, жұмысшы кәсіптердің беделін арттыру, техникалық мамандықтарды танымал ету.

Бұл іс-шараға арнайы Серкебаев Салдарбек Көлібайұлы- М.Әуезов атындағы ОҚМУ оқытушысы, профессор, «Ғылым,білім саласына еңбек сіңірген қызметкер», «ҚР еңбек сіңірген қызметкері», Халықаралық ғылым саласына сіңірген еңбегі үшін «За заслуги» орденінің, жоғары білім саласындағы жаңашылдың еңбектері үшін «А.Нобель медалінің» иегері, Қазығұрт ауданының Құрметті азаматы шақырылды. М.Әуезов атындағы ОҚУ колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абишев Рахымжан Анапияұлы мен Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің аудандық кәсіп одақ комитетінің төрағасы Мусакулов Скандір Төлендіұлы бірге қонақта болды.

С.Серкебаевтің шығармашылық еңбектері мен авторлық шығармаларынан кітап көрмелерін жасап, барша педагогтарға, оқушыларға кітапхана менгерушісі Жарқынай Қадірова таныстырып өтті. С.Серкебаевтің шәкірті музыка пән мұғалімі Фариданаурызбаева «Өмір жолы» әнін тарту етті. Профессор С.Серкебаев пен балалардың, ұстаздардың сыр сұқбаты, оқушыларға арналған әңгімелері тыңдалды. М.Әуезов атындағы ОҚУ колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рақымжан Абишев колледж тарихы туралы бейне ролик көрсетіп, студентердің тыныс-тіршілігімен түрлі мамандықтың білім беру бағдарламасымен, біліктілік атауымен таныстырып өтті. Қазығұрт аудандық кәсіподақ комитет төрағасы С.Мусакулов та мектеп ұжымы мен мектеп оқушыларына, бітіруші түлектерге өз өсиетті әңгімелерін айтып берді. С.Серкебаев тағы сөз алып, құр алақан келген жоқпын деп, өзі автор болып шығарған үш түрлі кітабын, мектеп директоры А.Юсуповға тапсырды. Профессор С.Серкебаевтың қолынан бір топ мектепшілік пән олимпиада жеңімпаздары Абдрахбан Айжан, Юсупова Інжу,Избасаров Ерасыл,Марлен Байымбетов т.б.ға мадақтамалар тапсырылды. Келген қонақтарға мектеп директоры А.Юсупова және осы іс-шараны ұйымдастырған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Салибеков кәсіподақ ұйымы атынан сый-сыйапат жасап, алтын уақыттарын бөліп келіп, оқушыларға мамандық таңдауда бағыт бағдар бергені үшін алғысын білдірді, іс –шараның соңы мерекелік концертке ұласты. 9а-сынып тәрбиешісі Н.Раймова да мамандық таңдау жайлы тәрбие сағатын өткізді.

5-ші блок «Құқық сағаты»

Мақсаты: Балалардың құқықтық ақпараттандыру, жауапкершілік сезімін тәрбиелеу үшін, қоғамдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін түсіндіру. Тарих және құқық пән мұғалімі Б.Глеуова «Бала қорғау» құқықтық сынып сағатын өткізді.

6-шы блок «Таңғажайып әлем»

Мақсаты: Табысқа әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау арқылы балалардың шығармашылық қаблеттерін дамыту және анықтау.

Мектептегі іс-шара барысында 26-сынып оқушылары тәрбиешісі А.Сойлыбаеваның ұйымдастырумен демалыс саябақтарына, музейлерге саяхат жасады. Ш.Ташхараеваның ұйымдастыруымен Асфалтта сурет салу конкурстары

ұйымдастырылды. Нәтижесінде белсенді сурет салғандар мадақтамамен марапатталды. «Кітап әлемінде» мәнерлеп оқу байқауларын кітапханашы Ж.Қадірова өткізді.

7-ші блок «Мейрімділік –балаларға»

Мақсаты: Әлеуметтік осал топтардағы балаларды әлеуметтік қолдау және қорғау, төтенше жағдайлардың салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсету. Метеп ғимаратында дабыл қағылып, жер сілкінісі т.б. төтенше жағдай кездегі оқу-жаттығулары жүргізіліп, барлық қауіпсіздік ережелер түсіндірілді. «Ана тілім-тірегім» чөлентжі басталды, оның шеңберінде оқушылар әлеуметтік желілерде қазақ ақындарының шығармаларын оқып, эстафетаны оқушыларға жолдап, ақын туындыларын қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Сара Әбуова , Ләззат Өмірбаева , Перизат Баубекованың ұйымдастыруымен 4- 8 сынып оқушылары арасында Ана тілінен, Абай ақын туындыларынан жыр шашуларын әлеуметтік желілерде жолдады.

8-ші блок «Спорт әлемінде»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау, балалардың денсаулығын нығайту.

Мектепішілік балалардың арасында футбол, волейбол, тоғызқұмалақ ойындарын дене шынықтыру пән мұғалімдері А.Мирзабаев, С.Дәулетбаев және тәрбиеші А.Балғынбаева «ФЛЕШМОБ» сергіту сәттерін өткізді.

9-шы блок «Бала қауіпсіздігі»

Мақсаты: Балалардың жазғы демалыс кезеңдерінде жарақаттанудың, балалардың суда, көшеде, интернет желісінде қауіпсіздігінің алдын алу.

Мектептің тәрбиешісі Л.Акимбекова « Демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жаднама» атты бейнеролик жасап, барлық қауіпсіздік ережелерін жазғы демалысты дұрыс өткізу жайлы баяндама жасады және әлеуметтік желі арқылы да жариялады.

10-шы блок «Балалардың игілігі үшін»

Мақсаты: Жас таланттардың шығармашылығын қолдау, сахна төріне шығару, өнердің дамуына өркендеуіне қолдау көрсету.

1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Түркістан қаласында облыстық білім беру ұйымдары арасында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН:ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты Қазақстан халқына жолдауында жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында балалар мен жасөспірімдер және жастар арасында «Жаңа Қазақстан.Күшіміз бірлікте» атты олыстық өнер фестивалінің қорытынды гала-концертіне «№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» КММ-нен «Балдәурен» би тобы «Әлқисса» күйіне би билеп (үйірме жетекшісі, тәрбиеші А.Балғынбаева) және Ұлы Дала Дарындары Республикалық өнер байқауының жеңімпазы, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласында өтетін халықаралық байқауға жолдама иегері , 4-сынып оқушысы Хомидов Азодбек «Қазақ елі» әнін паш етіп (жетекшісі саз мұғалімі Ф.Наурызбаева) жүлделі 1-орынға ие болып «№11 мектеп – интернат» ұжымы бірінші дәрежелі диплом мен және 200 000 мың теңгелік СЕРТИФИКАТ пен мектеп –интернат директоры А.Юсупованы , фестивалды ұйымдастырушылар- Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы, «Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы» директоры Б.Ешенқұлов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Омар Салибековты Алғыс хатпен және бір топ ұстаздар мен оқушыларды марапаттады. «1- маусым күні Халықаралық балаларды қорғау күні» атты соңғы қоңырау салтанатты жиынға мектеп түлектері шақырылды.

Педагог-психологтың атқарған жұмыстары.

Жалпы бірінші және екінші жарты жылдық оқу маусымы басталғалы оқушылардың сабаққа деген ынта-жігері жаман емес. Жаңа оқу жылында 303 оқушымен бастадық. Жаңадан келген оқушылармен және де ата-аналарымен байланыс орнатып, оқушылардың оқу-тәрбие процесіне дайындықтарына және мектеп-интернат қабырғасына бейімделу мәселесі бойынша бақылау жасалды. Сынып оқушыларының өзара қарым-қатынасы жақсы деңгейде тіл табыса білді. Оқу үлгерімдері біршама жақсы деңгейде болды. Оқу үлгерімдері нашарлау оқушылармен пән мұғалімдері және сынып жетекшілері, дайындық сабақтан беретін тәрбиешілермен бірлесе жас ерекшеліктеріне байланысты жеке-дара жұмыстар жасалынды. Дайындық сабақтарға және қосымша үйірме сабақтарға, спорттық үйірмелерге қатысулары жақсы. Оқушыларымыздың қоғамдық іс-шараларға және де мектепшілік апталықтарға, пәндік олимпиадаларға қатысып, атсалысулары жақсы деңгейде. I-II тоқсанда, басқада жаңадан келген оқушыларымызбен топтық және де жеке-дара әңгіме кеңес сұхбаттасу жұмыстары жүргізілді. Тәрбиешілеріне оқушыларың мән-жағдайлары бойынша жұмыс бағыты нақты түсіндірме кеңес жұмыстары жүргізілді. Жалпы жаңадан келген оқушыларымыз интернат қабырғасына қалыптасулары жақсы деңгейде болды.

Жалпы енді оқушының кризистік мән-жағдайына келетін болсақ. Оқушылардың крезистік мәселелеріне мыналар кіреді: Топтан оқшаулануы байқалатын, ұжым ішінде оқу-тәрбие процесіне қиындық туғызатын оқушы, әлеуметтік-психологиялық жағдайы төмендеу отбасына шыққан оқушылар, Жасөспірімдер арасындағы суицидальды мінез-құлығы байқалатын оқушылар, өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушылар. Мектеп қабырғасын да туындайтын қарым-қатынас жасауда қиыншылықтары бар балаларды анықтап, оларға дер кезінде көмектесу-қазіргі мектеп алдында, қоғам алдында тұрған күрделі мәселе болып тұр. Мектепшілік қиын, қиынға бейім тізімде тұратын оқушылар 15 оқушы тіркедік. Тізімдегі оқушылармен әлеуметтік – педгогпен бірлескен жоспарға сәйкес алдын-алу және жеке-дара, топтық жұмыстар жасалынды. Қатты қиындық туғызған оқушылардың ата-анасымен байланыс жасалды. Мектеп әкімшілігімен бірлесе келе тиісті шарала қолданылды. Адамның дамуына, тұлға болып қалыптасуына оның ортасы, кез келген тұлғаның қалыптасуында оның балалық шағы мен жасөспірім кезеңі маңызды рөл атқарады. Адам баласы материалдық және рухани ортада тіршілік ететіндіктен өзі өмір сүріп жатқан қоғамның, ұжымның, ұлттың мүшесі ретінде ерекшеленуге, үздік болуға тырысады. Материалдық жағдай, әлеуметтік теңсіздік тек ересектерге ғана емес, мектеп оқушыларына да әсер етеді. Әсіресе бастауыш сыныпты бітіріп, орта мектепке ауысқан оқушылар арасында әлеуметтік жағдайға немесе қызығушылығына байланысты топқа бөліну пайда болады. Топтан оқшаулану мәселесмі бойынша орта және бастауыш сыныптар арасында анықталып, жеке-дара жұмыстар ұйысдастырылды. Бұл топтан оқшаулану себептері: Кейде бұған бірыңғай мектеп формасының, ішкі тәртіптің, бақылаудың болмауы да себеп болуы мүмкін. Тағы бір айта кететін мәселе, оқушының оқу үлгеріміне және тәрбиесіне, әлеуметтік жағдайына қарағанда отбасылық жағдайы көбірек әсер етеді. Сондықтан да оқушыларымыздың ата-анасымен жиі байланыс жасап баласының мән жағдайынан дер кезінде хабардар етіліп, байланыс жасалды. Суицидальды мінез-құлық яғни өзіне-өзі қол жұмсау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Жасөспірім кезеңде суицидалдық мінез-құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттер бару себептері бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында акт залында «Менің өмірім» атты тренинг ұйымдастырылып қызу пікір таласқа ұласты. Себеп – салдарлары: (өз-ара түсініспеушілік, қызғаныш, алдану, бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, әлеуметтік жетіспеушілікке байланысты қиыншылықтар). Жүйкесі жұқарған ұрпақтың қатерлерге қарсы тұра алмайтыны мәлім. Сол себепті мектепте сыныпаралық және де жас

ерекшелігіне байланысты тренингтер топтық жұмыстар, жиі топтық жиналыстар жасалынды. Түрлі жұқпалы ауруларға байланысты 6-9 сынып оқушылармен дәрігерлермен акт залда жиын өткізілді. Дәрігерлер және медбикелердің тарапынан оқушыларға кеңестер жасалынды. Мектепшілік қиын және қиынға бейім тізімде тұратын оқушылармен акт залында ішкі істер органдарынан қызметкерлерін қатыстырып, тренингке араластырып әңгіме кеңестер жүргізіліп «Менің еркін балалық шағым» атты тренинг ұйымдастырылды. Жалпы қорыта келгенде 2022-2023 оқу жылында педагогикалық-психологиялық бағыттар бойынша жұмыстар атқарылды. Соңғы қоңырау мерекелік іс-шаралармен аяқтадық. Оқушыларымызды оқу – тәрбие процесінде үйрете жүріп, өзіміздің үйренеріміз көп.

Музыкалық нұсқаушысының атқарған жұмысы

Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Музыкалық білім - өскелең ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өнерін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Музыкалық нұсқаушының міндеті: Жаңа музыкалық білім беру бағыты арқылы білім беру қызметінің сапасын арттыру. Білім беру сапасын, оның оқушылар мен ата-аналар (заңды өкілдері), қоғам үшін қол жетімділігін, ашықтығын, тартымдылығын арттыру, рухани – адамгершілік дамуы мен эстетикалық тәрбие беру мен жеке өнерін жетілдіру. Өнер саласында дарынды балаларды анықтау және оларды өнер түрлері бойынша кәсіби білім беру ұйымына түсуге дайындау. Оқушылардың жалпы және өнер мәдениетін арттыру.

Оқушылардың үздік өнегелі ұлттық құндылықтар мен әлемдік музыкалық – көркем әдебиет мұраларына, мәдени дәстүрлерге деген махаббатын арттыру арқылы тәрбиелеу. Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани – адамгершілік әлеуетті қалыптастыру; Балалар мен жасөспірімдердің өнерге деген белсенділігі мен саналығын арттыру; Өнерлі балалардың өнерін жарыққа шығару; Балалар мен жасөспірімдердің өнерін, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау; Жауапкершілік пен өнер сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға дайындау.

Қыркүйек айында 1– күні «Алғашқы қоңырау , алтын ұя мектебім!» атты білім күніне арналған мерекелік іс – шара өткізілді. 1 – қыркүйек айрықша мәні бар, айтулы «Білім» күні. Осы айда, қай бала қандай өнерге қызығуын бақылап ән мен биге, мәнерлеп оқуға, сахналық көрінісіне, икемі бар оқушыларды іріктеп алып, табиғатына сай роль таңдап берілді. Арнайы үйірме кестесі төмендегіше түзілді.

2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың үйірме кестесі.

Апта күндері

№	Мұғалімнің аты жөні	Уақыты	Үйірме түрі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі
1.	Б.Бердимбетов	15 ⁰⁰ -16 ³⁰	Ән(эстрада)	+					
2.	А.Балғынбаева	15 ⁰⁰ -16 ³⁰	Би		+				
3.	Б.Бердимбетов	15 ⁰⁰ -16 ³⁰	Сатира			+			

5.	Б.Бердимбетов	15 ⁰⁰ - 16 ³⁰	Мәнерлеп оқу				+		
6.	Ф.Наурызбаева	15 ⁰⁰ - 16 ³⁰	Хор						+

Оқушыларды әнге ,биге, мәнерлеп оқуға сахнада өзін қалай ұстауға дайындап, «Тіл мәртебесі- ел мәртебесі» тілдер мерекесі күніне орай мекрежелік іс – шара өткізілді. Мерекелік іс – шара музыкалық аппаратпен,микрофонмен жабдықталып, өткізілді.

Қазан айы Ұстаздар күніне орай «Ұстазым саған мың алғыс» атты мерекелік іс – шарамен басталды. Іс – шарада мектебіміздің өнерлі оқушылары ұстаздарға арнап өлен шумақтарын оқып, өнерлерін көрсетті. Ары қарай бұл айда керемет «Алтын күз» тақырыбында мерекелік іс шара ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді. Әр сыныптан ару қыздарымыз шығып, іс – шараның ережесіне сай өз өнерлерін көрсетті.

Жеңімпаз атанған қыздарымыз арнайы сыйлықтар мен мақтау қағаздарымен марапатталды. Ыбырай Алтынсариннің дүниеге келген күніне орай бейне ролик жасалып, мәнерлеп оқу сайысы өтілді.

Қараша айы оқушыларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстырумен басталды. Ұлттық аспаптармен таныстыру 5-6 және 7- 8 ші сыныптармен өкізілді.

Бұл айда бастауыш сыныптар арасында «Бала даусы» жарысы өткізілді. Балаларды қызықтыру мақсатында грамота мен түрлі сыйлықпен марапаттау рәсімдері болды.

Оқушылар өте зор көңіл күймен қатысты. Оқушылардың, әнші – сазгер ақындар шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту мақсатында, оқушыларды Қазақстан сазгерлерімен таныстыру өткізілді.

Желтоқсан айы ары қарай патриоттық әндер байқауына дайындықпен жалғасты. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған «Егемен елдің еңсесі биік» атты патриоттық әндер байқауы өз деңгейінде өткізіліп, жеңімпаз оқушылар мақтау қағаздары мен түрлі ұлттық бұйымдармен, «Қазақстан» атты тәттілермен марапатталды. Патриоттық әндер байқауының мақсаты: оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Өз елін, жерін, Отанын сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу. Патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру. «Қош келдің жаңа 2023 жыл!» «Жаңа жыл» мерекесіне арналған концерттік бағдарлама мектеп жаңа-жылын өкізіп оқушыларға сыйлықтар беріліп, ән, тақпақ, концерттік бағдарлама болды. Оқушылар өз өнерлерін ортаға көрсетіп, өз деңгейінде өтілді.

Қаңтар айы керемет КТК жарыстарын өкізумен басталды. Оқушылардың өнеріне қарай орындар берілді, мақтау қағаздармен марапатталды. 8-9 сынып оқушыларын ЖОО студенттерімен «Мамандық таңдау»атты кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мамандық таңдау кезінде оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу. Адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы түсінік қалыптастыру.

Ақпан айында «Сен Шәмші әндерін білесің бе?» атты дебат өткізілді. Адам жүрегін тебіртетін сезімдердің қайсысы болмасын – асыл ана, ардақты әке, мөлдір сезім, шынайы махаббат – осының бәрі Шәмші әндерінің тақырыбы десек – артық айтқандық болмас. «Сен Шәмші әндерін білесің бе?» атты дебат сабағы қызықты өтті әндерін айтып көңілді көтеріп Шәмші жайлы көптеген мәліметтер айтылып, сұрақ жауаптар болды.

«Қазақтың лирик ақыны Мұқағали» М.Мақатаевты еске алу кеші өткізілді. Оқушылар арасында мәнерлеп оқудан сайыс өтті. Оқушыларға арнайы марапаттар берілді. Күй қазақтың ең көне мұрасы. Қазақтың әйгілі күйшілерімен оқушылар таныстырылды. Күйшілермен таныстыру арнайы слайдтармен, мағлұматтармен, түрлі букет секілді көрнекіліктер пайдалану арқылы өткізілді. Осының бәріне оқушылар қызыға қатысты.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне «Көктем аруы» байқауы ұйымдастырылып, өтілді. Байқауға әр сыныптан бір қыздан қатысып, тартысты да қызықты өтті. «Мен өнерді сүйемін» 5-9 сыныптар арасында әуенді ойындар өтілді. Ойынның мақсаты: оқушылардың жылдамдығын, ойлау және тыңдау қабілетін арттыру. «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз!» мерекесі оқушылар арасында атап өтілді. Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Біздің ата - бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі. Мақсаты: ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау.

Сәуір айы өнер фестиваліне дайындықпен басталды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, жастардың бойындағы болашақ еліміздің өркендеуіне, өсуіне, өнеріне өз үлестерін қосу мақсатында, 2022-2023 оқу жылының «Жаңа Қазақстан. Күшіміз бірлікте» атты облыстық өнер фестиваліне оқушылар белсене қатысты. Фестиваль ережеге сай, өз деңгейінде жақсы өтті. Басқармадан келген комиссия мүшелері әдемі пікірлерін білдірді. Мектебіміздің директоры Айгуль Юсупова ханым оқушыларға керемет өнерлері үшін алғыс білдіріп, арнайы мақтау қағаздарымен марапаттады. Фестиваль барлық музыкалық аппараттармен қамтамасыз етілді.

29 сәуір халықаралық би күні және «1-Мамыр ҚР Халықтарының бірлігі күні» мерекелеріне орай барлық сыныптар арасында «Бірлігіміз жарасқан» атты би жарысы өткізілді. Оқушылар әр ұлттың биін нақышына келтіре билеп шықты. Арнайы жоспар түзіліп, ережелер бекітілді. Жеңімпаздар 1-4 сыныптар арасында бөлек, 5-6 сыныптар арасында бөлек, 7-9 сыныптар арасында бөлек іріктеліп, марапатталды.

7 - мамыр «Отан қорғаушылар күні» және 9 – мамыр «Ұлы жеңіс күні!» мерекелеріне орай жігіттер арасында «Жігіт сұлтаны» өткізілді.

Ары қарай мамыр айы мектеп бітіруші түлектердің «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты мерекесіне дайындықпен жалғасты. «Ұстазым», «Мектебім сағынышым», «Соңғы қоңырау» әндері оқушыларға жататқызылып, сахна мәдениетін сақтай отырып үйретілді.

Арнайы сценарий құрылып, «Сыңғырла, соңғы қоңырау» концерттік бағдарламасы музыкалық аппаратуралармен жабдықтала отырып, биылғы жылғы өзгерістерге байланысты, 1 маусым Балаларды қорғау күнімен қатарласа өткізілді.

Жалпы жұмыс жоспардан тыс әдістемелік бірлестіктердің қорытынды апталық жұмыстарының концерттік бағдарламалары, үнемі музыкалық аппаратуралармен қамтамасыз етіліп отырды.

Әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстары

2022-2023 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Өртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

Әлеуметтік мәртебесі	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отбасы	Аз қамтамасыз етілген отбасы	Жетім балалар	Мүгедектігі бар оқушы
2020-2021 оқу жылы		118	4	35	136	108	0	0
2021-2022 оқу жылы	195	93	3	34	159	92	1	0
2022-2023 оқу жылы	106	166	7	34	142	127	0	0

Оқушылар ауыспалы балалар болғандықтан әр жылы әртүрлі болып өзгереді.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Әртүрлі тренингтер өтіліп, саулнамалар алынды.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акция аясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей: Осы оқу жылы барысында тамыз айы мен желтоқсан айында мектепке жол акциясы ұйымдастырылды. Акция мектеп ұжымы мен демеушілердің қолдауымен өткізілді.

2022-2023 оқу жылы барысында «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер мен мектеп ұжымының қолдауымен өткізілген қайырымдылық акциясының ұйымдастыруымен әлеуметтік көмек көрсетіліп, оны оқушылар алғандығы жөнінде

Жалпы 181000тг жиналып, оқушыларға киімге жұмсалды. Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген, және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Желтоқсан айында акция ұйымдастырылып 132000 т жиналды. 111000 теңге қаражатты үш оқушыға киім –кешек, қажетті заттарын алуға бөлінді.

Демеушілер 5оқушыға киімдер әперіп демеушілік жасады. Тағы да демеушілер 50000тг қаржылай көмек берді және 50дана заманауи кітаптар кітапханамызға әкеліп берді. Ұстаздарымыз «Жан жылуы» концерттік бағдарлама өткізді. Концертте өнер мектебінің оқушылары, «Балауса» би тобының бишілері өнер көрсетті. Оқушыларымызға 90 оқушыға сыйлық үлестірді.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар –

Аудандық ПБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Қатыгездіксіз зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» Ұсыныспен іс-шара, «Бақытты балалық шақ суреттер байқауы» өткізілді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі

жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Жақсылық жасай білейік» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражат оқушылар киіміне жұмсалды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы бойынша мәселелер қаралды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

<p>S Күшті жақтары). -«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының бір жыл бойы жалғасын табуы,жартыжылдық сайын қайырымдылық акциясының ұйымдастырылуы.</p> <p>-«Мектепке жол» қайырымдылық акциясына 2022-2023 оқу жылында қаңтар және тамыз айлары арасында біраз оқушыға демеушілер тарапынан көмек көрсетілді</p> <p>-Мемлекеттік атаулы көмек алатын 3оқушыға 2022 оқу жылының желтоқсан айында 110000 т таратылды.</p> <p>- жыл бойына аз қамтылған,көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға мектебімізден канцеляриялық заттар таратылды</p>	<p>W Әлсіз жақтары.</p> <p>-«Балаларды қорғау» бұрыштарының ұйымдастырылмауы.</p> <p>-«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының өтілу барысы на демеушілердің аз болуы</p> <p>-Әлеуметтік топтағы отбасы балаларының мектептегі ақысыз үйірмелерге көптеп тартылмауы;</p>
<p>• Мүмкіндіктері).</p> <p>- Қайырымдылық акцияларына іс-шаралар жоспарын түзіп, жоспар бойынша нақты жұмыстар ұйымдастыру арқылы әлеуметтік топтағы балаларға демеушілер табу, көмек</p>	<p>T Қауып қатері</p> <p>-Әлеуметтік топтағы балалардың керекті заттар мен киім кешек пен толық қамтамасыз етілмеу себебінен өзін-өзі бағалауының</p>

жіберу; -«Балаларды қорғау» бұрыштарын ұйымдастыру арқылы балаларға өз құқықтарын меңгерту;	
--	--

Ұсыныс:

2022-2023 оқу жылында жұмыс барысында жіберілген кемшіліктерді алға қоя отырып, 2023-2024 оқу жылына мынандай мақсаттар алынды

1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына демеушілерді көптеп тарту, демеушілерді тарту үшін сынып жетекшілермен жүйелі жұмыстар атқару;
2. «Мектепке жол» акциясының өтілу барысын мектептің әлеуметтік желілеріне жүктеу
3. «Балаларды қорғау» бұрыштарын көптеп ұйымдастыру;
4. Әлеуметтік топтағы отбасы балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында әр түрлі секцияларға тарту;

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебегіне отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас» семинары, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету.

Оқу жылының жылдық жоспары жасалып бекітілді. Мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

Сынып жетекшілер мен тәрбиешілермен бірге әр сыныпта оқушының әлеуметтік паспорты жасалынды. Мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Жалпы мектеп-интернатқа 312 оқушы қабылданды. Аз қамтылған отбасынан 140 оқушы, көп балалы 142 оқушы, жартылай жетім 30 оқушы, тұл жетім оқушы жоқ. Оқушылардың жеке құжаттары жинақталуда. Мектеп оқушылары түгелдей дерлік оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Жаңадан келген оқушылармен танысып, жеке жұмыстар атқарылды. Қамқорлықтағы оқушылармен де жеке әңгімелесулер болды.

Психолог Сейдалиев Арманмен бірге оқушыларды сырттай бақылау, зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Оқушының әлеуметтік-психологиялық картасы толтырылуда. Әр сыныппен жеке-жеке жұмыс жасалынауда.

Отбасы күніне орай «Менің отбасымның жазғы демалысы» газеттер шығарылып, суреттер салынды.

4 –сынып оқушыларымен «Әдептілік-әдемілік» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Екі сыныптың оқушылары да өте белсенді, қызығушылықтары жақсы екені байқалады. Әдептілік туралы көріністер қойып, тақпақтар, мақал-мәтелдер айтылды. Жаңадан келген Сайрамбай Томирис 6б сынып оқушысының үйіне зерттеу актісі жүргізілді.

Қазан айының 7-не «Шылымшы өзін көрге тығушы» тақырыбында іс-шара болып өтті. Іс-шара барысында психолог А.Сейдалиев оқушыларға темекінің зияны туралы айтып өтті. Медбике Назарқұл Г. лекция оқыды, слайдтар көрсетті. Оқушылардың сұрақтарына нақты жауап берді.

Қазанның 15-не 8а,б сынып оқушыларына «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында сынып сағаты өтті. 8а сыныбына тәрбиеші Раимова Нұржамал, 8б сыныбына тәрбиеші Арипов Сағындық өтті. Оқушылар түрлі тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап берді.

Әр бейсенбіде жаңадан келген оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. «Қатыгездіксіз және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында кітапханада 9-сынып оқушыларымен тренинг өтті. Оқушылар белсенді қатысты. Өз ойларын анық, нақты дәлелдермен жеткізе білді. Әсіресе, Абжаппарова А, Қонаш Б, Әшірбай Е, Жаппарберген Нұржан, Ахмет Жібек, Абдрахмановалар белсенді қатысты.

«Күз ханшайымы-2021» байқауы өтті. Жаңадан келген қыздар және ұяндау оқшауланып жүретін қыздар қатысты. Бас жүлдені 5а сынып оқушысы Орал Шехризат иеленді, 1 орын ба сынып оқушысы Орынбаева Ақсезім, 6б сынып оқушысы Шералы Айзат 2 орын, 7а сынып оқушысы Сафура Жақсымбет 3-орын, бастауыш сыныптар арасынан Бас жүлдені Смайыл Гулсана иеленді, 1-сынып оқушысы Юлдашева Сумая 1-орын, 3б сынып оқушысы Хинизова Невин 2 орын жаңадан келген, 3-орынды Жумасаева Айткүл иеленді, 2 сынып оқушысы Байдулла Айсыл, Әбделі Назым 4а сынып оқушысы номинация жаңадан келген оқушы, Жоғары сыныптар арасынан Бас жүлдені 9а сынып оқушысы Шайтова Дина иеленді, 1-орын. 8а сынып оқушысы Махмут Жадыра, 2-орынды Сейдазимханова Камила жаңадан келген оқушымыз иеленді.

«Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға қайырымдылық концерт өткіздік. Қазығұрт аудандық мәдениет үйінің әншілері келіп концерт берді. Көркемдік жетекшісі Данияр Тантабаев бастап келді. Өртүрлі тақырыптағы әндер орындалды. Концертті Мейрамқұл Садықұлқызы жүргізді. Мектеп ұжымы акцияға атсалысты. Акциядан түскен қаражатқа мұқтаж оқушыларға киімдер алып берілді.

2021-2022 оқу жылы барысында «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп ұжымының қолдауымен өткізілген қайырымдылық акциясының ұйымдастыруымен 46 оқушыға әлеуметтік көмек көрсетілді.

Желтоқсанның 3-не 9 сынып оқушыларымен «Біз өмірді сүйеміз» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: оқушылардың өмір туралы көзқарастарын

анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау, өмірдегі орны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау. «Мен және өмір», «Өмір», «Би терапиясы», «Ойланып көрейік», «Метафора арқылы сөйлеу», «гулдер релаксиясы», «Мен бақытты боламын» жаттығулары орындалды.

Мектеп ұстаздарымен «Көмек қолын созайық!» қайырымдылық жәрменкесі өтті. Іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланып отырды.

7-9 сынып оқушылары арасында «Сенім жәшігі» ұйымдастырылды.

Қаңтар айында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» тренинг жоғары сынып оқушыларымен өтілді.

Тренингті психолог А.Сейдалиев жүргізді. Дәрігерлер қатысты. Оқушыларды толғандырған сұрақтарға жауаптар алынды.

Сынып жетекшілермен бірге «Жақсылық жасай білейік!» Қайырымдылық акциясы өтті. 1-9 сынып оқушыларына тәтті тағамдар ұйымдастырылып таратылды.

«Өмірді таңда!» 7-9 сынып оқушыларына тренингтер өтілді. Оқушылар өте белсенді қатысты. Тапсырмаларды өз дәрежесінде ойларын еркін жеткізе отырып орындады.

Қиын қиынға бейім оқушылар арасында ақпанның 9-на «Мұқағали оқулары» өткіздік. 8б сынып оқушылары Қадыр Ерзат, Алпысбай Н, Үсенов Нұрдаулет, 5б сынып оқушысы Нұрғали Серғали, 6б сынып оқушысы Кузенбаев Тимур және 6а сынып оқушысы Суюнбай Дархан, 6а сынып оқушысы Мирас қатысты.

Қиын қиынға бейім оқушылар «Отбасындағы менің орным» тақырыбында эссе жазды.

Қамқорлықтағы оқушылармен «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинге 5-9 сынып аралығындағы оқушылар қатыстырылды. Тренинг мақсаты: Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен концепциясын қалыптастыру.»

Тренинг барысында «Менің есімімнің сыры», «Автопортрет», «Мен басқаның көзімен», «Сиқырлы қобдиша», «Өрмекші торы», «Жүйрік ой» жаттығулары орындалды.

«Өрмекші торы» жаттығуында оқушыларға өте қызықты болды. Олар өздерінің жақсы қасиеттерін есіту арқылы Өрмек торын құраса, жинау арқылы өздерінің мінездеріндегі жаман қасиеттерін есітті. Жаман қасиеттерімізді сол жіп арқылы жинап жоққа шығарамыз деген қорытындыға келді.

«Ана-көктем» концерттік бағдарламасы мен «Көктем аруы» қосып өтілді. Ерекше назардағы оқушылар Ана туралы өлеңдерді мәнерлеп оқыды. Қыздар марапатталды.

Суицидтің алдын-алу денсаулық сабағын 5-9 сынып оқушыларына дәрігер Әміреқұлова Г. өтті. Түсіндірме жұмысы жасалды. Брошюралар таратылды. Суреттермен жұмыс жасады. Оқушылар сұрақтарына жауап берді.

Кітапханашылармен байланыса отырып, «Кітап оқуға құмармыз» және «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау!» сынып сағаттарын 1-4 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды.

9-сынып оқушыларымен «Кім болам?» мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру мақсатында әңгімелесу жүргізілді.

«Өмірді бағалайық!» сурет байқауы өтті. Әсіресе, асфальтқа сурет салған 8а, 6 сыныптары, 9б сынып оқушылары мақтау қағазымен марапатталды.

«Жігіт сұлтаны-2022» сайысы өтті. 1-4 сынып оқушылары арасынан Бас жүлдені 3б сынып оқушысы Жәнібек Диас иеленді. 1-орынды 3б сынып оқушысы Избасаров Талант, 2 орынды 2 сынып оқушысы Сейтбек Ақылбек иеленді. 1 сынып оқушысы Олжабай Б, 4а сынып оқушысы Тасболта А, 4б сынып оқушысы Абдрахбан

Али номинациялар алды.5-7 сынып оқушылары арасынан 76 сынып оқушысы Алпысбай Бағдаулет Бас жүлде алды.1-орынды Бақтыбай Мирас, 2-орынды бә сынып оқушысы Ахмет Жандос,3-орынды Кузенбаев Тимур иеленді.Серікұлы Б, Нұрғали С, Ерқара Ж. Номинациялар алды.8-9 сыныптар арасынан Бас жүлдені 86 сынып оқушысы Қадыр Ерзат,1-орынды Ергеш Нұрасыл,3-орынды Бағдатұлы Диас иеленді.

2017 оқу жылында бітірген,5 жылдық түлектер 40 оқушыны Түркістан-Шымкент қалаларына саяхатқа шығарды.7-9 сынып оқушыларына 6 дана футбол добын сыйлады. Ұйымдастырушы Айтен Нұрқаділ мен Хамза Әлібиге оқушылар өз алғыстарын білдірді.

Әр түрлі мәртебеге ие отбасының балаларымен,яғни, 1-9 сынып оқушыларымен «Тіл деген - түбі терең тынық мұқит»тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.
Мақсаты:

1. Жас ұрпаққа ана тілінің қадір-қасиетін түсіндіру,тіл мерейін көтеру.
2. Тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметімен таныстыру,оқушыларды өлең оқып, тіл, Отан,бірлік,достық туралы ән айтуға баулу, тіл туралы мағлұматтармен бөлісу.
3. Жас ұрпақтың патриоттық сезімін оята отырып,елін,жерін,сүюге,құрметтеуге тәрбиелеу.

1-орынды 5а сынып оқушысы Егемберді Айару, 2-орынды 7б сынып оқушысы Әлішерұлы Дарын 3-орынды 4а сынып оқушысы Айнақұл Оралхан иеленді.

2.Мектептің 2023 – 2024 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты:

Мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге негізгі орта білім базасындағы пәндер көлемінде оқу-тәрбие жұмыстарын туберкулез таратылу аймақтарынан оқшаулау және емдеу арқылы жүргізу.

Оқушыларға тәрбие мен білім беру және профилактикалық емдеу шараларын жүргізу.

-бастауыш білім беру,

-негізгі орта білім беру

Жеңіл және бәсең түрдегі туберкулезбен ауру балалар мен жасөспірімдерге арнайы емдеу жүргізу/конткатілік, вираждық, гиперергиялық.

Оқыту:

1. Әр баланың дамуындағы мүмкіндігі мен қызығушылығын ескере отырып оқыту жүйесін жасау.
2. Мектепте оқушының өзін бақылау, өзін-өзі жетілдіру дағдыларын қалыптастыруға жағымды жағдай туғызу.
3. Базалық білім деңгейін көтеру.

Тәрбиелеу:

1. Оқушыны жеке тұлға етіп қалыптастыру,оның толыққанды бейімделіп кетуіне жағдай жасау.
2. Оқушының тәрбиелігін жоғары деңгейге жеткізу.
3. Оқушының тұлғалық дамуын оның жас ерекшелігі мен интеллектісін ескере отырып үйлесімді етіп тәрбиелеу.

Емдеу сауықтыру:

1. Оқу-тәрбие процесіне денсаулықты сақтау тәсілдерін ендіру.
2. Оқушының денсаулығын қорғау және нығайту.
3. Емдеу, алдын алу, сауықтыру іс-шараларын әр балаға қызмет көрсету деңгейін көтеру.

Мектептің келелі мәселесі:Білім беру сапасын функционалдық сауаттылықты дамытуды қамтамасыз ету факторы ретінде басқару.

Мақсаты: Педагогтің кәсіби тұлғалық құзыреттілігін анықтай отырып, мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

Міндеттері:

1. Оқу үдерісінің барлық қатысушыларының заңды құқықтары мен қызығушылықтарын барынша толығымен жүзеге асыратын ашық білім беру ортасын ашу.
2. Әр мұғалімнің жұмысы туралы ақпараттық банк құру (есепке алу, сараптау, талдау, бағалау)
3. Білім алушылардың функционалды сауаттылығының барлық түрлерін арттыруда барынша жоғары нәтиже беретін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәндерді оқытудың тиімді жолдарын анықтау және жинақтау.
4. Білім беру үдерісіне мектеп әлеуметі өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылаудың жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу.
5. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматы және шығармашыл тұрғыда ойлауға, шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын тұлға қалыптасады.

II-бөлім

1. Мектептің жұмыс циклограммасы

1. Әкімшілік отырыс апта сайын
2. Педагогикалық кеңес әр тоқсан сайын
3. Директор жанындағы кеңес ай сайын
4. Әдістемелік бірлестік отырысы әр тоқсан сайын
5. Аттестаттау комиссиясының отырысы қыркүйек, ақпан, мамыр айларында
6. Кәсіподақ отырысы қыркүйек, наурыз айлары

2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының орындалуы

Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шара	Жауаптылар
1	2	3
Оқушыларды жалпылама оқуға тартуды жүзеге асыру Тамыз	1. Жалпыға міндетті оқумен қамту айлығы.	ДОДЖО
	1. 9 сынып оқушыларының нақты есебі, еңбекке араласуы туралы мәлімет. 2. Сынып жиынтығын анықтап бекіту.	Директор ДОДЖО
	Жаңадан келген оқушылардың бейімделуін бақылау.	Сынып жетекшілер.
	Тәртібіне қиындық бар балалардың психологиялық ерекшеліктерін айқындау. (ай бойы)	Сынып жетекшілер, Психолог
	Мектепшілік жалпыға бірдей міндетті оқуға қатысты құжаттарды тексеру. (1-апта)	
	Жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту айлығы (қаңтар есебін жүргізу)	ДОДЖО
	Кәсіптік бағдар беру мақсатында 9 сынып арасында оқушылармен сауалнама, тест, әңгіме жүргізу.	ДТДЖО, психолог Әлеумет. педагог

	Оқушылардың дәптер, күнделік оқулық ұсталымының реттілігін анықтау.	ДТДЖО, тәлімгер, кітапханашы
	1. Мамыр есебін жүргізу. 2. 9 сынып оқушыларының мамандық таңдау мақсатында мамандармен кездесуін ұйымдастыру.	ДОДЖО ДТДЖО Әлеум.педагог
Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау	Мектеп жасындағы балалардың жлдмасы бар оқушылардың мектепке қамтылуы барысында іс-шаралар ұйымдастыру, бекіту.	Мектеп әкімшіл
	1. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау. Мектеп жұмысының режимінің орындалуын қадағалау. Әлеуметтік көмек көрсету, оқушыларға тұрмыстық жағдайына байланысты кт жасау.	ДТДЖО, Тәлімгер, Әлеуметтік педагог
	«Қиын» балалардың сабаққа келуіне ерекше бақылау жүргізу. (үнемі)	ДТДЖО, Тәлімгер, Педагог-психолог, Сынып жетекшісі
	Оқушылардың үйлерін аралау, рейд жүргізу. (ата-аналармен әңгімелесу)	Әлеуметтік пед Сынып жетекшілер
	Мектепалды дайындық тобы жұмысын тексеру.	
	Барлық сыныптардағы оқушыларға бірдей талап қою. Оқушылар Ережесінің орындалуын бақылау. (үнемі) Сабақтан көп қалатын оқушылармен әңгіме жүргізу, оқушылардың сабаққа қатысуын қорытындылау. (үнемі) Апта сайын оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, мектеп өміріне араласу жайлы лездеме өткізу. Үлгерімі төмен оқушылардың сабаққа қатысуы, белсенділігі, тәртібіне талдау. (ай сайын) Оқушылардың ББД-ың, сабақ үлгерімін күнделікті бақылау. (күнделікті)	ДТДЖО, Сынып жетекшілер
Денсаулық сақтау шаралары, техника қауіпсіздігі және санитарлық-гигиеналық режим	1. Арнайы комиссия шешімі бойынша денсаулығына ауытқуы бар оқушыларды анықтау, тиісті құжаттарын жинақтау. 2. Журналдың денсаулық парағын толтыру.	Медбике
	1. 2-9 сынып оқушыларын медициналық тексеруден өткізу. 2. Денсаулық күнін өткізу.	1. Медбике, сынып жетекшілер 2. Дене шынықтыру пән мұғалімдері
	1. СӨС бойынша жүргізілетін жұмыстар	Медбике, ДТДЖО
	Техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша оқушылардың білімін жетілдіру.	Пән мұғалімдері
	1. Қыс мезгіліне мектепті дайындау	Сынып жетекшілер Директор, ДТДЖО
	Оқушылардың төтенше қауіпсіздік жағдайы бойынша білімін текеру.	ДТДЖО, ДТДЖО
	«Абайлаңыз, кене!» әңгімелесу	Медбике

	1.Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру 2. Оқушылардың жазғы демалысына іс-шара жоспарын жасауда қиын, жетім, жартылай жетім, көп балалы жанұядан шыққан оқушыларды қамту. ТҚ ережелерін сақтау бойынша нұсқау беру 2. «Абайла, су!»	Сынып жетекшілер
Құқық бұзушылық пен оның алдын-алу жұмыстары. Ерекше көңіл бөлуді қажет ететін балаларға психологиялық педагогикалық көмек.	« Құқық бұзушылық» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.	
	1.Үйірмелерді, таңдау сабақтарын спорт секцияларын ұйымдастыру. 2. Құқық бұзуға бейімді, қиын оқушылардың тізімін анықтау. 3. Аудандық ПБ-нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобымен тығыз байланыс.	ДТДЖО, ҚББП Психолог
	1. Оқушыларды сыныптан тыс іс-шаралармен қамту. (үнемі) 2. Аудандық ПБ-нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобы қызметкерлерімен сәтсіз жанұяларға рейд.	ДТДЖО, Педагог-психолог, Сынып жетекшілері
	«Құқықтық кеңес» жұмысын ұйымдастыру.	ДТДЖО
	1. Оқушыларды сыныптан тыс іс-шаралармен қамту үйірмелерді, таңдау сабақтарын спорт секцияларын ұйымдастыру. 2.Құқық бұзуға бейімді, қиын оқушылардың тізімін анықтау. 3. Аудандық ПБ-нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобымен тығыз байланыс	ДТДЖО
1. Аудандық Аудандық ПБ-нің ЖПҚ-ң ювеналды полиция тобымен сәтсіз жанұяларға рейд.	ДТДЖО Сынып жетекш-ер Психиолог	
Жалпылама оқуға тарту бойынша құжаттарды дайындау	«Жалпыға міндетті оқу» қорынан бөлінген қаржыны жоспарлау.	Мектеп әкімшілігі
	1. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен көп балалы жанұядағы оқушылардың тізімін анықтау. 2. Жеке құжаттарын тексеру. 3. Алфавиттік кітапқа өзгерістер енгізу. (ай бойы)	ДОДЖО Әлеуметтік пед Мектеп хатшысы
	Жарты жыл бойынша келген, кеткен оқушылардың бұйрығын тексеру	ДОДЖО
	1. Оқушылардың жеке құжаттарын тексеру. 2.Алфавиттік кітапқа өзгерістер енгізу. 3. Келген, кеткен оқушылардың құжаттарын тексеру	ДТДЖО ДОДЖО, хатшы
	ҚР-ның жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың сыныптан сыныпқа көшуі туралы нұсқаумен оқушыларды таныстыру	
	1.Жыл бойғы оқушылар қозғалысы туралы есеп. 2. Журнал, табель, жинақ ведомосы, оқушылардың құжаттарын тексеру.	
	Мектеп бойынша жетім, жартылай жетім,	Әлеуметтік педагог

Жетім, жартылай жетім, көп балалы жанұяға әлеуметтік көмек, қаржыландыру.	әлеуметтік жағдайы өте төмен, көп балалы, сәтсіз жанұяларды анықтау, есепке алу.	
	1. Жетім, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген, көп балалы жанұя балаларына қамқорлық көрсету үшін сол балалардың тізімін анықтау, бекіту. (10-на дейін) 2. «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастыру.	
	Жағдайы нашар жанұяларға көмек көрсету мақсатында рейд жасау	Әлеуметтік педагог
	1. Жағдайы нашар жанұяларға көмек көрсету мақсатында рейд жасау 2. «Жалпыға міндетті оқу қорының» орындалу жайғдайы туралы есеп.	Арнайы комиссия
Тасымалдау ыстық тамақпен қамтамасыз ету	1. Жаңа оқу жылына асхананың дайындық жұмыстары	Мектеп директоры, ДОДЖО, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог
	1. Жетім, жартылай жетім, көп балалы, әлеуметтік жағдайы төмен жанұя балаларын киім-кешекпен қамтамасыз ету.	Әлеуметтік педагог
	1. Аспазшылардың тамақ түрлілігін тексеру. (үнемі)	Әлеуметтік педагог
Оқулықтармен қамтамасыз ету	1. Оқулықтың сақталуы бойынша жұмысты жандандыру.	Кітапханашы, Сынып жетекшілер
	1. Кітапхана арқылы оқушыларға оқулықты тарату.	Кітапханашы, Сынып жетекшілер
	1. Сұраныстарға сәйкес оқулықтардың келуін қамтамасыз ету. (үнемі) 2. Оқулықтардың жағдайын анықтау үшін үнемі тексеріс рейдтерін жүргізу.	Кітапханашы, Сынып жетекшілер

III-бөлім

1. ПЕДАГОГ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС, ОЛАРДЫҢ БІЛІМ ДӘРЕЖЕСІН ЖОҒАРЫЛАТУ

1. Мектеп мұғалімдерінің жұмыс барысын диагностикалық картаға түсіріп көрсету.
2. Мұғалімдердің еңбегіне қарай, санаттарын қарап отыру.
3. «Жас маман» мектебін ұйымдастырып шеберлігін арттыруға көмек беру.
4. Білім беру жүйесіне қатысып мұғалімдерді оқыту, тәрбиелеу процесіне жаңалықтарды енгізу.
5. Шығармашылық топтар ұйымдастыру.
6. Әдістемелік жұмыс және мұғалімдердің мамандығын көтеруді ұйымдастырып жүргізу
7. Инновация әдісімен әрбір мұғалімнің шығармашылық қабілетіне назар аудару.

8. Мұғалімдердің әдістемелік іскерлігін бақылау мақсатында әкімшілік пен мұғалімдер тарапынан өзара сабаққа қатысып отыру.
9. Алдыңғы қатарлы озық ойлы, білікті мамандардың іс-тәжірибелерін жинақтап, насихаттау.
10. Мұғалімдердің біліктілігін арттырып отыру.

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
1	Мұғалімдердің сабақ жүктемелерін белгілеп, бекіту. Сабақ кестесін жасау.	Директор, оқу ісінің менгерушілері	20-25 тамыз
2	Тиісті мұғалімдерді кезекті аттестациядан өткізу, аттестациялық комиссияның ескертулерін қадағалап отыру.	Директор, оқу ісінің менгерушілері	Наурыз
3	Мұғалімдерді дер кезінде мамандық жетілдіру курстарына жіберіп тұру.	Директор, оқу ісінің менгерушісі	Жоспар бойынша
4	Озық педагогикалық тәжірибе мектебінің жұмысын жандандыру	ОТМ	Жыл бойы
5	Білім заңының талаптарын жүзеге асыруда мұғалімдердің жауапкершілігін арттыру. Мұғалімдердің істеген жұмыстары туралы ауызша не жазбаша есебін тыңдау, жыл аяғында қорытып, мұғалімнің жұмысына баға беру.	Әкімшілік ӘБ жетекшілері	Жоспар бойынша

**«Үміт» жас мамандар мектебінің 2023-2024 оқу жылына
жасалған жылдық жоспары**

р/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жас мамандарды тамыз маслихатына қатыстыру	тамыз	ӘБ жетекшілері
2	Жас мамандарға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру -Ішкі тәртіп ережесімен -Еңбек тәртібі міндеттерімен -Жеке келісім шарттарымен	қыркүйек	ӘБ жетекшілері
3	Жас мұғалімдерге педагогикалық-психологиялық көмек беру	қыркүйек	ӘБ жетекшілері Мектеп психологы
4	Жас мамандарға тәлімгер ұстаздар тағайындау	қыркүйек	ӘБ жетекшілері
5	Жас мамандар мектебінің жұмыс жоспарын құру, отырыс жоспарлары	қыркүйек	ӘБ жетекшілері
6	Жас мамандарды тәлімгер ұстаздардың сабақтарына қатыстыру	жыл бойы	ӘБ жетекшілері
7	Мұғалім портфолиясы /презентация/	қазан	ӘБ жетекшілері
8	Жаңа технология-сабақта /жас мамандарға әдістемелік көмек/	қараша	ӘБ жетекшілері

9	Жас мамандармен тренинг өткізу	желтоқсан	Педагог психолог
10	Апталықтар барысында сабақтарға қатыстыру	Жыл бойы	ӘБ жетекшілері
11	Менің кәсіби өсуімдегі тәлімгер көмегі /жас мұғалімдермен тәлімгердің бірігіп сабақ беруі/	қаңтар	ӘБ жетекшілері
12	Тәлімгерлер мен жас мамандар апталығы	Дер кезінде	ӘБ жетекшілері
13	«Мен не үйрендім?»-жас мұғалімдердің жыл бойы жүргізген жұмыстары бойынша есеп беру	мамыр	ӘБ жетекшілері

Озық тәжірибе мектебінің іс жоспары

№	Іс-шаралары	Мерзімі	Жауапты
1	Озық тәжірибе тарататын мұғалімдердің сабақтарына қатысу және талдау.	Жыл бойы	ОТМ мүшелері
2	Мұғалімдірді тестлеу және сауалнаманы жүргізу а) мұғалімның дайындығын анықтау	Қыркүйек	
3	Оқу-әдістемесеминарды өткізу	Қараша	
4	Мұғалімнің жұмыс жүргізуінің тыңдау	Тоқсан 1 рет	
5	Озық тәжірибе мектебінің іс-жоспарын дайындау және өзгерістерін енгізу	Наурыз Тамыз	

Озық тәжірибені тарату

Мақсаты: озық және прогрессиялық тәжірибені анықтау.

Озық тәжірибе келесі нәтижемен анықталады:

1. Жоғары көрсеткіш.
2. Ғылыми негіздеме.
3. Шығармашылық жаңалықтарды енгізу.
4. Ақтуалдық мағына.
5. Уақытты үнемдеу арқылы жоғары көрсеткіштерге жету.

«Озат тәжірибе мектебінің» жылдық жұмыс жоспары

Қ/с	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Озат тәжірибенің алғы шарттары. 2. Озат тәжірибені жинақтау жолдары. 3. Озат тәжірибені жинақталып, ендірілу жолдары.	23-28.09.23ж Қыркүйек	ОТМ
2	Озат мұғалімдердің тәжірибесін мектепшілік тарату.	Үнемі	
3	Жаңашыл ұстаздың еңбегімен танысу. іс-тәжірибесін аудан көлемінде тарату.	Дер кезінде	
4	Пәні мұғалімдерінің іс-тәжірибелерін аудан көлемінде тарату	Дер кезінде	
5	ОТМ атқарған жұмыстарының жылдық есебі.	Мамыр	

2. Мектепшілік аттестациялық комиссияның жұмыс жоспары

№	Іс - шара	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепшілік аттестациялық комиссияның жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Аттестаттау комиссиясының төрайымы

2	Жаңадан келген мұғалімдерге аттестациядан өтуге көмек беру.		Оқу ісі орынбасары
3	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерден өтініш қабылдау.		
4	Мұғалімдерден аттестаттаудан өтуге түскен өтініштерін қарау.		Аттестаттау комиссиясының төрайымы
5	Өтініш берген мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу тәртібімен, нұсқаулықпен, жұмыс жоспарымен таныстыру.		Оқу ісі орынбасары.
6	Әдістемелік көмек ұйымдастыру және АББ сұраныс өткізу.	Қазан	Оқу ісі орынбасары
7	Аттестациядан өтушілерді аттестаттаудың I кезеңіне жіберу.	Қараша	Аттестаттау комиссиясы
10	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің ашық сабақтарына қатысу.	Ақпан	Аттестаттау комиссиясы
11	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есеп беруі.		Аттестаттау комиссиясы
12	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді II сынақтан өткізу: <ul style="list-style-type: none"> • Өткізген ашық сабақтарының қорытындысы. • Шығармашылық есепке баға беру. 		Аттестаттау комиссиясы
13	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттардың, атқарған жұмыстарын сараптамадан өткізу және мұғалімдерді мектепшілік аттестаттаудан өткізу.	Наурыз	Аттестаттау комиссиясы
14	Аттестаттаудың қорытындысын шығару.		Аттестаттау комиссиясы
15	Аудандық аттестаттауға дайындық.		Пән мұғалімдері
16	Аудандық аттестаттаудан өту.		Пән мұғалімдері
17	2022-2023 оқу жылындағы аттестаттау жұмысына қорытынды.	Сәуір	Аттестаттау комиссиясы
18	2023-2024 оқу жылына жоспар құру.	Мамыр	Аттест. ком-ның төрайымы

3. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ 2023-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Мұғалімдеодің аты-жөні	Пед өт.	Курстық қайта дайындау			2023	2024	2025	2026
			пән	орны	жыл				
1	Абылкаликова Айнур Сайлаухановна	18	Бастауыш	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
2	Агабеков Бекзат Ауелбекович	18	Дене шынықтыру		2023				*
3	Абдиева Лаззат Жаппаровна	24	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
4	Айдарова	22	Бастауыш	«Өрлеу»	2021		*		

	Акмарал Мырзаевна			БАҰО					
5	Арымбаева Сагадад Анкашевна	22,4	Матем-физика	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
6	Ахметов Бакытжан Аймаханович	18	Көркем еңбек	«Өрлеу» БАҰО	2020				*
7	Аюбек Гүлмира Қалдыбекқызы	12	Матем-инф	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
8	Әбуова Саракүл Нұршақызы	31	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2021		*		
9	Байтурсынова Мария Маликовна	27	Бастауыш	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
10	Баубекова Перизат Даутбекқызы	4	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2019	*			
11	Даулетбаев Сакен Бахытжанович	11	Дене шынықтыру	«Өрлеу» БАҰО	2017	*			
12	Буркитбаева Динара Аширбаевна	5	Шет тілі	«Өрлеу» БАҰО	2019	*			
13	Дауылбаева Бибигуль Елтаевна	30	Орыс тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
14	Джангутова Айнур Сулейманова	10,5	Химия				*		
15	Досыбаева Роза Тастанбековна	13	География	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
16	Досыбекова Гульназ Куанышбековна	3	Шет тілі			*			
17	Жаркынбаева Анаркул Абдуллаевна	12,1	Химия-биология	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
18	Исаматова Айгул Уралбойкизи	4	Шет тілі				*		
19	Калмуратова Ботағоз Баимахановна	14,2	Өзін-өзі тану	Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты	2021		*		
20	Кемелова Айгуль Бахадыровна	30	Орыс тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
21	Кипшакбаева Асемкул Куатбековна	27	Бастауыш	«Өрлеу» БАҰО	2019		*		
21	Мирзабаев Арманбек Мейманкулович	9	Дене шынықтыру	«Өрлеу» БАҰО	2017	*			

23	Муханова Амонгуль Тургунбаевна	24,7	Орыс тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
24	Мырахметова Гульмира Мамбетовна	7	Шет тілі	«Өрлеу» БАҰО	2017	*			
25	Наурызбаева Фарид Айдарбековна	24,4	Ән-күй	«Өрлеу» БАҰО	2016	*			
26	Орисбаев Ордабек Орабылович	24	Физ-матем	«Өрлеу» БАҰО	2020	*			
27	Салқанбекова Мадина Абдреимовна	22	Бастауыш	«Өрлеу» БАҰО	2015	*			
28	Сарсенбаева Гулжамал Жаксыбековна	10	Шет тілі	«Өрлеу» БАҰО	2016	*			
29	Суюндиқова Гульнара Тулеубековна	27	Орыс тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2019			*	
30	Тайлибаева Айгуль Абдувантовна	14	Математика	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
31	Тасболатова Роза Бегасиловна	27	Бастауыш	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
32	Тлеуова Бактуғул Сауырбаевна	14,6	Тарих	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
33	Тукеев Амангелди Ережепович	27	сызу	«Өрлеу» БАҰО	2016				
34	Туляева Жанна Наримановна	23	Бастауыш	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
35	Туляева Гульмира Наримановна	21,1	Көркем еңбек	«Өрлеу» БАҰО	2020				*
36	Умербаева Лаззат Ережеповна	27	Қазақ тілі және әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
37	Мырзагелдиев Жандаулет Кумисбаевич	5	Информатика	«Өрлеу» БАҰО	2023				*
38	Юсупова Айгуль Мирзалиевна		Орыс тілі мен әдебиеті	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
39	Амирбеков Ерлан Омирсеитович	13,5	Матем-информ	«Өрлеу» БАҰО	2021		*		
40	Салибеков Омар Тлеуович	36	Дене шынықтыру	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
41	Ташқараева Шархия Мухтаровна	13	Әлеум.пед	«Өрлеу» БАҰО	2020		*		
42	Қалмұрзаев Мурат Абдраманович	7	ҚББП	«Өрлеу» БАҰО	2022			*	
43	Сейдалиев Арман Жандарович	12	Пед-психолог	«Өрлеу» БАҰО	2019		*		

IV. Бөлім:

IV. Бөлім: 2023-2024 оқу жылы ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері
2. Құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі жобалар:
3. 2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 2-қосымшасына құрылған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары
4. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық циклограммасы
5. Мектептегі тәрбие саласы бойынша апталық циклограммасы

НЕГІЗІ

1. I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету
2. II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету
3. III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

